

Әділетті Қазақстан

Халықаралық
аренада мемлекеттің
ұлттық мүддесін
қамтамасыз етуге
бағытталған
теңгерімді, сындарлы
дипломатия жүзеге
асырылады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ



«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

2

МӘСЕЛЕ



ҚОРҚОРДЫҢ ҚОРЛЫҒЫ

7

ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУ



«БАҚЫТ» САРАЙЫНДАҒЫ БАҚЫТТЫ СӘТТЕР

12-13

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

27.07.2023

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр
жауады, найзағай күтіледі.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр
жауады, найзағай күтіледі.



Желдің жылдамдығы:
7-12 м/с

28.07.2023

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
7-12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №89 (6382) 27 шілде, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

САРАПТАМА

ОЛИГОПОЛИЯМЕН КҮРЕС

Мемлекеттік активтерді қайтаруға заңды негіз пайда болды



Өткен жылы Қасым-Жомарт Тоқаев олигополиямен күресті бастады. Оған да себеп жеткілікті. Сарапшылардың есептеуінше, соңғы 25 жылда елден заңсыз түрде 140–160 млрд АҚШ доллары көлемінде мемлекеттік активтер шығарылған. Сырт көзге түсінікті болу үшін мұны мемлекеттің ішкі жалпы өнімімен салыстыруға болады. Еліміздің өткен жылғы ішкі жалпы өнімі 200 млрд АҚШ долларынан асып түсті. Бұдан тұтас елдің бір жылдық табысының үштен екі бөлегі заңсыз сыртқа шығарылған деп қорытынды жасауға болады. Ал бұл көрсеткіш бойынша біз посткеңестік кеңістікте тек Ресей мен Украинаға есе жіберіп отырмыз. Ал қалған елдерден бір бас жоғарымыз.

3

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ - БАСТЫ НАЗАРДА

Шаһар басшысы Алатау ауданының
тұрғындарымен кездесті



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың халықпен кезекті басқосуы Алатау ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы және ондағы өмір сүру сапасын одан әрі жақсарту үшін ең проблемалық мәселелерді шешу жолдары туралы айтып берді. Кездесуге 200-ден астам адам келді.

4-5

ҚЫСҚА...

- Президент Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.
- Үкімет көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл шараларының кешенді жоспарын бекітті.
- Мемлекеттік қызмет көрсетуден еліміз көшбасшы елдердің «В» тобынан «А» тобына көтерілді.
- Қазақстанда жер қойнауын игеруге арналған алғашқы электронды аукцион өткізіледі.
- Еліміздегі 10 автомобиль өткізу пунктінде электронды кезек жүйесі енгізілді.
- Қазақстандық оқушы Әли Насырбек әлемнің үздік математигі атанды.
- Қазақстан 100 пайыз электрондық кедендік декларациялауға көшті.
- Енді блогерлер онлайн-жарнаманы таңбалауға міндеттеледі.
- Этномәдени бірлестіктерге биыл бюджеттен 1,2 млрд теңгенің гранты бөлінген.
- Абылайхан Жүсіпов әйгілі боксшы Мұхаммед Әлидің жиенімен бір кеште өнер көрсетеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ СЕНАТ

Сенатор Бекболат Орынбеков Жамбыл облысындағы Жамбыл ауданында болып, Тастөбе ауылындағы «Қызыл дихан» өндірістік кооперативінің жұмысымен танысты.

Бұл кооператив ауылдың 500-ге жуық тұрғынын жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Сенатор аймақтағы су арналарының жұмысынан хабардар болды. Бекболат Орынбеков өңірдегі суармалы жерлер мәселесі өткір екенін айта келіп, суару техникасын уақытылы және сапалы жөндеу жүргізу облыстың дамуына жаңа серпін беретінін атап өтті.

«Қазіргі уақытта Сенат депутаттары еліміздің өмірінде ерекше орын алатын аса маңызды заңдарды қабылдады. Енді қабылданып отырған заңдардың сапасын арттыру мақсатында шалғайдағы ауылдық аудандардағы қарапайым тұрғындармен де пікір алмасамыз. Аудан тұрғындарының ұсыныстарын ескере отырып қабылдағанда ғана заң сапалы болады», – деп атап өтті депутат.

Сенатор сапар барысында Мойынқұм, Талас, Байзақ аудандарында және Тараз қаласында болып, бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады және халықпен кездесті.

■ ҮКІМЕТ

Қазақстан Үкіметі Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітті. Жоспарды ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірледі. Тиісті қаулыға ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов қол қойды.

Жоспар салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіруге, тиімді бәсекелестік пен бюджетті бөлуге, халықты заңсыз бизнестен қорғауға және т.б. бағытталған жүйелі іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді. Атап айтқанда, іске асырылып жатқан іс-шаралар кедендік тексерулердің тиімділігін арттыруға, кедендік рәсімдерді оңтайландыруға және әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша қосымша іс-шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Мәселен, 2025 жылға қарай көтерме және бөлшек саудадағы көлеңкелі айналымды 5%-ға дейін төмендету жоспарланып отыр. 2022 жылы бұл көрсеткіш 6,7%-ды құрады. Көлік және қоймалау саласында 2,4% (2022 жылы – 3,2%) көрсеткішке қол жеткізу жоспарланған.

Жоспарды іске асыру бейресми жұмыспен қамтуды азайтуды және заңсыз әрекеттердің жолын кесуді көздейді. Елдің ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесін 2022 жылғы 36%-дан 2025 жылы 37,5%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр.

Кешенді жоспар ҚР Президентінің сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде әзірленді.

■ ӘЛЕУМЕТ

Тұрғындардан «Ата жолы» картасын қалай алуға болады?» деген сауал жиі қойылып жатады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы жөнінде тарқатады.

«Ата жолы» картасы – этникалық қазақтарға елімізде бизнес-кейстерін іске асыруға және елде тапшы мамандардың қызмет етуіне берілетін құжат. Карта иелеріне республика аумағында азаматтықтарын сақтай отырып, 10 жылға дейін тұрақты тұруға рұқсат беріледі. Бұл құжатты «Құтты мекен» мобильді қосымшасының көмегімен өтініш беру немесе Қазақстан елшілігіне жүгіну арқылы алуға болады.

Бұл карта Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауында айтылған тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ адами әлеуетті дамыту, тарихи отанмен байланысты нығайту және ұлттық дәстүрлерді сақтау, елге кәсіпқой мамандарды және табысты кәсіпкерлерді тарту үшін ҚР-ның 2023–2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасына сәйкес әзірленді.

Ережеге сәйкес «Ата жолы» картасы үш санаттың біріне сәйкес келетін шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін ұсынылады: ҚР азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің болуы; үміткердің Қазақстанда талап етілетін кәсіптерге ие болуы; тұрақты тұратын немесе азаматтығы бар елде тіркелген жұмыс істеп тұрған бизнестің болуы.

Айта кету керек, «Ата жолы» картасы бар адамдардың ҚР мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауға және сайлануға құқығы жоқ, республикалық референдумға қатыса алмайды және мемлекеттік қызметте жұмыс істей алмайды.

■ МӘСЛИХАТ

Алматы қаласының мәслихаты бір мандатты депутаттар бойынша округтер картасын ұсынды. Енді алматылықтар мәслихат сайтындағы «Округтер картасы» қосымша бетінде өз округінің депутаты туралы ақпаратты оңай көре алады.

Картадағы әрбір округ депутат туралы толық мәліметтермен, соның ішінде оның фотосуреті мен байланыс деректерімен айқындалған. Сайлау округінің шекаралары да белгіленген.

«Енді әрбір тұрғын картадан мекенжайын тандап, өз депутатын таба алады. Сонымен қатар, өтініш қалдырып, жеке қабылдауға жазылуға мүмкіндік бар. Бұл қадам тұрғындар мен сайланған депутаттар арасындағы өзара байланысты жақсарту және тиімділікті арттыру үшін жасалды», – деп атап өтті қалалық мәслихат төрағасы Мейіржан Отыншиев.

Айта кетейік, округтер картасы Алматы қаласының цифрландыру басқармасымен бірлесіп әзірленді.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

● ПРЕЗИДЕНТ

СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН

Мемлекет басшысы Құранды өртеу актілерін сынға алды



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Еуропаның бірқатар мемлекетінде болған Құранды өртеу актілерін қазіргі әлемдегі жағдайды шиеленістіруге, халықтар мен мемлекеттер арасындағы сенімге нұқсан келтіруге бағытталған арандатушылық әрекет деп санайды.

Қазақстан – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізуге бастамашы болған мемлекет. Бұл форум дәстүрлі діндер мен конфессиялардың көр-

некті өкілдері арасындағы тиімді әрі табысты диалог алаңына айналды.

Мемлекет басшысының пікірінше, жиілеп кеткен діни вандализм

мен аталған елдер азаматтарының жауапсыз әрекеті мемлекеттер мен діндердің бейбіт қатар өмір сүруіне кері әсерін тигізеді. Бұл жалпыға ортақ нормаларға қайшы келетін акциялар ретінде бірауыздан айыпталуға тиіс.

БҰҰ Бас Ассамблеясы да бұл мәселеге қатысты өз ұстанымын білдіруі керек.

Тақырыпқа орай айта кетсек, 25 шілдеде Копенгагендегі Египет және Түркия елшіліктерінің алдында Құранды өртеу акциясы өткен. Дәл осындай акция бір күн бұрын Ирак елшілігінің алдында да өткен.

БҰҰ Бас Ассамблеясы қасиетті кітаптарды қорлау жөніндегі кез келген актілерді айыптайтын жөніне мұндай әрекеттерді халықаралық құқық нормаларын бұзу деп танытын қаулы қабылдады. Қаулыда, атап айтқанда, «адамдарға қатысты барлық зорлық-зомбылық актілері діни көзқарастары немесе сенімдері негізінде, сондай-ақ олардың діни рәміздеріне, қасиетті кітаптарына, үйлеріне, кәсіпорындарына, мүлікке, мектептеріне, мәдени орталықтарына немесе ғибадат ету орындарына қарсы бағытталған кез келген әрекеттері, сондай-ақ діни орындарға жасалған барлық шабуыл» қатаң түрде айыпталды.

● ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

жобасы қарқын алды



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Ауыл – ел бесігі» жобасын жүзеге асыруға қатысты мәселелер қаралды. Премьер-Министр бұл жобаға бөлінетін қаражаттың ұлғаятынын айтты.

БИЫЛ 198 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

«Ауыл – ел бесігі» жобасын қаржыландыру жыл сайын ұлғайып келеді. Кейінгі 3 жылда осы мақсатқа республикалық бюджеттен 326 млрд теңге бөлінген болатын. Әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша 3,7 мыңнан астам жоба 1 мыңнан астам ауылда іске асырылды. 33 мың жұмыс орны құрылды. Биыл республикалық бюджеттен 198 млрд теңге бөлінді. 800 елдімекенде шамамен 2 мың жоба іске асырылады. Бөлінген қаржыны игеру қарқыны Павлодар, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында жақсы», – деді Әлихан Смайылов Үкімет отырысында.

Үкімет басшысының мәліметінше, Алматы және Ұлытау облыстарында қаржыны игеру деңгейі төмен.

«Бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану, тендерлерді уақытында өткізбеу, тиісті бақылаудың болмауы объектілерді енгізу мерзімдерінің бұзылуына әкеледі», – деді ол.

БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ ИГЕРІЛУІ КЕРЕК

Иә, Үкімет басшысы ауылға бөлінген қаржыны игермеген өңірлерді сынға алды.

«Өткен жылы Ұлытау облысының Атасу, Бидайық, Бостұмсық және Сарысу ауылдарында медицина мекемелерінің құрылысына қажетті қаражат толығымен бөлінген болатын. Алайда, құрылыс жұмыстары әлі күнге дейін аяқталмаған. СҚО-ның Мүсірепов атындағы ауданда ұзындығы 53,5 шақырым болатын жол құрылысы былтыр бітуі керек еді. Бірақ жоспарланған көлемнен небәрі 26,5 шақырым жол пайдалануға берілген. Демек, жоспардың 50%-ы әлі күнге орындалмай отыр», – деді Премьер-Министр Әлихан Смайылов Үкімет отырысында.

Министрлер кабинеті басшысының айтуынша, өңірлерде қаражатты тиімді пайдалану өте маңызды. «Бір ауданда бірнеше жоба іске асырылып, басқа ауданда бірде-бір жоба жүзеге асырылмайтын жағдайлар болмауы керек», – деді Әлихан Смайылов.

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛАДЫ

Үкімет отырысында әкімдерге ауылды дамытуға жеке инвестиция тартуды жеделдету жүктелді.

● ТҮЙІН:

Отырысты қорытындылай келе, Үкімет басшысы «Ауыл – ел бесігі» жобаларын сапалы және уақытында іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды барынша қаржыландыру мәселесін пысықтау қажеттігін атап өтті. Ұлттық экономика министрлігі мен мүдделі мемлекеттік органдардың және облыс әкімдіктерінің алдына Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасының нысаналы индикаторларына қол жеткізуді қамтамасыз ету міндетін қойды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



САРАПТАМА

ОЛИГОПОЛИЯМЕН КҮРЕС

Мемлекеттік активтерді қайтаруға заңды негіз пайда болды

(Басы 1-бетте)

Заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару басталғанымен бұл процестің ұзақ жылға созылатынын ескерген жөн.

Мемлекет активтерді қайтаруға білек сыбана кірісті

Мемлекет басшысы 2022 жылдың 26 қыркүйегінде «Заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі шаралар туралы» қаулыға қол қойып еді. Бұл жұмысты Бас прокуратура, Ұлттық банк, ҰҚК, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қаржы мониторингі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттіктері мен «Самұрық-Қазына» АҚ бірлесіп жүзеге асырады.

Осыдан бірер апта бұрын, 12 шілдеде ұзақ талқылаудан кейін Президент аталмыш заңға қол қойды. Осылайша олигополиямен күреске заңды негіз пайда болды.

Заңды әзірлеу мен қабылдау процесі ұзаққа созылды. Себебі, мұндай мемлекеттік маңызды заңды қабылдауда барлық тәуекелдерді ескеру қажет. Сондықтан оны қабылдағанға дейін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оны жүзеге асыруда басты жауапкершілік Мәжіліс пен Бас прокуратурада.

Осы заң Мәжілістің VIII шақырылымының негізгі жетістіктерінің бірі болды. Заң жобасын Аманат партиясының мүшелері А.Аймағамбетов, М.Башимов, Е.Бейсенбаев, Е.Саиров, А.Сарым, Н.Сәрсенғалиев, М.Такиев, С.Имашева және «Ақ жол» партиясының мүшесі Д.Еспаева, сондай-ақ, бір мандатты депутат А.Құспан әзірледі.

Осы шақырылымның бірінші сессиясының жұмысы бойынша қорытынды құжатта аталмыш заңды әзірлеу мен қабылдау барысында депутаттар арасында қызу талқы болғандығы жазылған. Халық қалаулылары активтерді елге қайтаруға жауапты прокуратураның құзыретін анықтау, заңның орындалуына сырттай бақылау жасайтын комиссияның құрамы мен тізімін жасақтау тәртібіне қатысты сұрақтарды ерекше пысықтаған. Себебі, мұнда да тепе-



теңдің тежемілік қағидасы қажет. Дана халқымыз «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» деген. Сондықтан қалың елге қажет маңызды активтерді қайтаруда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған дұрыс.

Сондай-ақ, депутаттар заңдағы «негізсіз байлық» (пайда болуы түсініксіз активтер) ұғымын нақтылауға баса назар аударған. Шынымен де, прокуратура кімнің байлығын «негізсіз» иеленді деп тануы керек деген сұрақ маңызды. Және де оны қалай анықтайды. Бұл да маңызды.

Тағы бір басты сұрақ бар. Бұл заң кімдерге қолданылады? Заңды әзірлеуге қатысқан депутаттар бұл тізімге шетел азаматтарын, азаматтығы жоқ адамдарды, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тіркелген заңды тұлғалар және заңды тұлғаға жатпайтын шетелдік құрылымдарды да қосу туралы бастама көтерді. Шынында да, маңызды бастамалар. Себебі, заңсыз шығарылған активтерді иемденген олигополия мүшелері еліміздің азаматы болмауы да мүмкін. Бұл жағдайда өзге елдің

мемлекеттік құрылымдарымен бірлесе жұмыс істеуге тура келеді. Ал активтерді қайтарудың тек ерікті емес, мәжбүрлі түрде жүзеге асатынын ескерсек, бұл процесс ұзаққа созылуы мүмкін. Оған көрші елдегі Ислам Каримовтың қызы Гүлнар Каримованың ісі дәлел бола алады.

Гүлнар Каримованың ісі әлі біткен жоқ

2016 жылы Өзбекстанның тұңғыш президенті Ислам Каримов кенеттен қайтыс болды. Билікке премьер-министр Шавкат Мирзиёев келді. Одан кейін көп ұзамай елдегі олигополиямен күрес басталды. Оның жарқын мысалы бұрынғы президенттің қызы Гүлнар Каримоваға қатысты қылмыстық іс.

Гүлнар Каримоваға қарсы қылмыстық іс оның әкесі тірі кезде басталған. Алғашқы іс 2013 жылы ашылып, 2015 жылы 5 жылға бас бостандығынан айырылған. Оған «Terra Group», «Prime Media», «Gamma Promotion»

сияқты жеке компаниялардың салықтан жалтаруына қатысы бар деген айып тағылады. Бірақ мұнымен қылмыстық іс тоқтамаған. Сол кезде Өзбекстанның Бас прокуратурасы 12 елде активтері бар деп мәлімдеген. Олар 1 млрд 390 млн-нан астам АҚШ долларын құрайды.

2017 жылы Шавкат Мирзиёев президент болған тұста оның үстінен тағы қылмыстық іс қозғалып, 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Бірақ 2019 жылы сот жазаны 5 жыл мерзімге алмастырды. Ал 2020 жылы Ташкент қалалық соты оны қайтадан 13 жылға бас бостандығынан айырды.

Дегенмен, Г.Каримованың шетелдегі заңсыз активтерін мемлекетке қайтару туралы әрекет одан әлдеқайда алдын басталған. Нақтырақ айтатын болсақ, 2010 жылдары. Оның активтерін қайтару процесі Еуропа елдерінен басталды. 2012 жылдың шілдесінде Швейцарияда ақшаны сыртқа заңсыз шығару бойынша іс қозғалды. Одан кейін осыған ұқсас істер Швеция мен Францияда басталды.

Бұл іс әлі ұзаққа созылатын түрі бар. Оған активтердің қай елде сақталғаны да әсер етеді. Себебі, Ресейдегі Гүлнар Каримоваға тиесілі жылжымайтын мүліктерді мемлекетке қайтару процесі ұзаққа созылмады. 2020 жылы Мәскеу қалалық соты Г.Каримоваға қатысты істі заңды деп танып, оған тиесілі 6 пәтерді Өзбекстан мүддесіне сай тәркілеуге шешім шығарды. Алайда, пәтерлерді сатқаннан түскен қаражатты Ресей мен Өзбекстан тарапы бөлісіп алады. Бұл туралы өткен жылы Өзбекстанның Әділет министрлігі өкілі мәлімдеген. Бұл посткеңестік кеңістікте қылмыстық процестің саяси лаңғанын білдіреді. Ал Еуропа мен АҚШ-тағы активтермен жағдай өзгеше. Себебі, Швейцарияда бұл процесс әлі күнге дейін өтуде.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ЕҢБЕК КОДЕКСІ

Еліміздің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ең төменгі жалақы көрсеткішінің мөлшерін анықтайтын әдістемені заңнамалық түрде бекіту жұмыстарын жүргізуде.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мүдделі мемлекеттік органдар Дүниежүзілік банк сарапшыларымен бірлесіп аталған министрлік дайындаған ең төменгі жалақы мөлшерін айқындау әдістемесінің жобасын және Еңбек кодексіне түзетулерді заңнамалық бекіту үшін қажетті әдістемелерді келісті. Әдістемеге сәйкес ЕТЖ мөлшері медианалық жалақы мен еңбек өнімділігіне қарай айқындалатын болады. Қазіргі уақытта ҚР Президентінің Әкімшілігіне Еңбек кодексіне енгізілген түзетулер келісу үшін жіберілді, мақұлданғаннан кейін заңнамаға тиісті өзгерістерді іске асыру басталады.

Бұған дейін хабарланғандай, Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында динамикалық тәсілге негізделген және негізгі экономикалық көрсеткіштерді ескеретін ең төменгі жалақыны айқындаудың жаңа әдістемесін енгізуді тапсырған болатын. Осы тапсырманы орындау мақсатында Еңбекмині Дүниежүзілік банк сарапшыларымен бірлесіп халықаралық тәжірибеге талдау жүргізді, ол ЕТЖ белгілеу бойынша неғұрлым кең таралған үш тәсілдің бар екендігін көрсетті: бірыңғай ұлттық ЕТЖ (Франция, Германия, Испания); өңірлер, салалар және кәсіпорындар бойынша ЕТЖ сараланған мөлшері; (Финляндия, Жапония, Бельгия); әртүрлі санаттағы қызметкерлерге арналған ЕТЖ (Ұлыбритания, Дания).

Бүгінгі күні ЕТЖ Халықаралық еңбек ұйымына мүше елдердің 90%-дан астамында бар, ол оның мөлшерін бағалау үшін Кейц индексі (заңмен белгіленген ЕТЖ



медианалық жалақыға қатынасы) пайдалануды ұсынады. ХЕҰ ұсыныстарына сәйкес Кейц индексі 50% деңгейінде болуы керек. Бұл ретте әлемнің дамыған елдерінде ол шамамен 55%-ды, ал дамушы елдерде шамамен 67%-ды құрайды.

Қазақстанда ЕТЖ ең төменгі әлеуметтік стандарттарға жатады және жыл сайын «Республикалық бюджет туралы»

заңмен белгіленеді. Ең төменгі жалақы қосымша төлемдер мен жәрдемақыларды, өтемақы мен әлеуметтік төлемдерді, сыйлық-ақыларды және басқа ынталандырушы төлемдерді қамтымайды. 2008 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде ЕТЖ мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінде белгіленді және жыл сайын инфляция деңгейіне индекстелді. 2019 жылы ЕТЖ мөлшерін 1,5 есе – 28 284 теңгеден 42 500 теңгеге дейін арттыру жүргізілді. Биыл ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген ЕТЖ-ны арттыру медианалық жалақының шамасын есепке алмай жүргізілді.

Халықаралық тәжірибені, сондай-ақ ел экономикасы құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, Еңбекмині

Дүниежүзілік банктің сарапшыларымен бірлесіп, медианалық жалақы мен еңбек өнімділігінің арақатынасын ескеретін ЕТЖ анықтау әдістемесінің жобасы әзірленді. Бұл жұмыскерлердің табыстары мен өндірілетін тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі арасында нақты өзара байланыс орнатуға, сондай-ақ ЕТЖ мөлшерін ХЕҰ ұсынымына жақындатуға мүмкіндік береді.



● ӘКІМ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ –

Шаһар басшысы Алатау ауданының



(Басы 1-бетте)

ӨМІР СҰРУ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Ауданды ойдағыдай дамытудың маңызды аспектілерінің бірі – халықты орталықтандырылған сумен және канализациямен қамтамасыз ету.

Бүгінде «Қарасу» және «Шаңырақ-1» шағынаудандарында жалпы ұзындығы 150 шақырым (149,8) су құбыры және канализация желілерін салу жұмыстары жүргізілуде. «Қарасу» шағынауданы бойынша жұмыстарды тамыз айының соңына дейін, ал «Шаңырақ-1» шағынауданы бойынша осы жылдың қазан айына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, ауданда қараша айында «Самғау» және «Өжет» шағынаудандарында 5 кәріз-сорғы станциясы салынады. Жұмыс қараша айында аяқталады.

Соңғы 7 жыл ішінде Алатау ауданындағы ең өзекті мәселелердің бірі «14 территория» ш/а-да аяқталмаған инженерлік желілер мәселесі болды. Бұл туралы әкім Ерболат Досаев тұрғындармен кездесуде мәлімдеді.

– Алматы қаласы прокуратурасының ұсынысы негізінде мен ТЖ желісі бойын-

ша құрылыс жұмыстарын аяқтау туралы шешім қабылдадым, бұл үшін бюджеттен 2,7 млрд теңге бөлінді. Маусым айынан бастап 14 көше бойынша инженерлік желілер салынауда. Ал 3 көшеде – Сусанин, Душанбинская, Нарвская – жол қалпына келтірілуде», – деді ол.

Қалған 11 көше бойынша желілерді салу жұмыстары аяқталған соң қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Барлық жұмыстарды аяқтау 2023 жылдың қазан айының соңына дейін жоспарланған.

ЖОЛ ЖӨНДЕУГЕ 50 МИЛЛИОН БӨЛІНДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданының тұрғындарымен кездесуінде жол мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, ауданда жол инфрақұрылымын дамыту бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Алатау ауданының шағынаудандарының көшелері ағымдағы жөндеумен қамтылады. Осы мақсатта аудан әкімдігіне 500 млн теңге бөлінді.

Ол қалалық ұтқырлық басқармасы 2023 жылдың шілдесінде ұзындығы 60 км 63 көшені қамтитын 12 шағынауданда орташа жөндеуді бастағанын хабарлады. Бүгінгі таңда шағынаудан бойынша «Алға-

бас», «Қарасу» және Саин көшесінің бойында (Мөңке би көшесі мен УАК бойындағы көше арасында) жұмыстар жүргізілуде.

– Саин көшесінің бойында көлік қозғалысын 2023 жылдың соңына дейін ашу жоспарлануда. Мөңке би мен Ақын Сара көшелерінің қиылысындағы жолайрығы бойынша 2023 жылдың соңына дейін барлық бағыттар бойынша қозғалыс ашу жоспарлануда, – деп атап өтті Ерболат Досаев.

900-ДЕН АСТАМ БЕЙНЕКАМЕРА ОРНАТЫЛАДЫ

Алатау ауданындағы Алматы әкімдігінің жобалық кеңсесінің жұмысы мен бейнемониторинг жүйелерінің желісін кеңейту жобасы аясында 2023 жылдың соңына дейін 900-ден астам жаңа бейнекамера орнату жоспарлануда.

Жарықтандырылмаған көшелер бойынша ЖСҚ әзірленеді. 378 көше бойынша жұмыстардың аяқталу мерзімі ағымдағы жылдың қыркүйек айының соңына дейін 2024 жылдың наурызына жоспарланған.

– Ауданда 18 жерүсті жаяу жүргіншілер өткеліне күрделі жөндеу жұмыстары бас-

талды. Жұмыс барысында электр жетегі бар көтергіш механизмдер мен лифтерді күрделі жөндеу, бейнебақылау орнату, арбамен және велосипедпен түсу қондырғысы көзделген. Сондай-ақ, 5 жерасты жаяу жүргіншілер өткеліне жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Барлық жұмыстар ағымдағы жылдың қыркүйек айының соңына дейін аяқталады. Қаражат бөлінді, – деді Алматы қаласының әкімі.

СУМЕН ЖӘНЕ КӘРІЗБЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Алатау ауданында ұзындығы 295 шақырым инженерлік желілерді салу жұмыстары жүзеге асуда. Атап айтқанда, маусым айында «Алғабас» және «Шапағат» шағынаудандарында ауызсу және кәріз жүйелерін салу жұмыстары басталды. Жұмыстар 2024 жылдың қазан айында аяқталады. Ал «Болашақ» ағымдағы жылдың қазан айында абоненттер сумен және кәрізбен қамтамасыз етіледі.

– Сондай-ақ, қараша айына дейін «Саялы» шағынауданында кәріз жүйелерін салуды аяқтау жоспарлануда. Тамыз айында «Теректі», «Рахат-Мәдениет» шағынаудандарында сумен жабдықтау және кәріз желілерінің құрылысы басталып, 2024 жылдың соңына дейін аяқталады», – деді ол.

Кездесу барысында Ерболат Досаев ауданда электр қуатының өшіп қалу мәселесінің қалай шешіліп жатқаны туралы да айтып өтті.

«Алғабас», «Теректі» және «Көкқайнар» шағынаудандарында электр қуатын жиі ажырату мәселесін шешу үшін 31 трансформаторлық қосалқы станция орната отырып, 81,3 км несіз электр желілерін қайта жаңарту жұмыстары жалғасуда. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев халықпен кездесуде мәлімдеді. Аяқталуы ағымдағы жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

– Бүгінгі таңда жоспарланған 2424 тіректің 1700-і орнатылды. Жабдықтар сатып алынды, кабель желілерін салу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде, – деді әкім.

Алматы қаласының әкімдігі қоғамдық

● СҰРАҚ-ЖАУАП

ТҰРҒЫНДАР САУАЛЫ ТОЛАСТАМАДЫ

Алматы қаласының әкімі Алатау ауданының әлеуметтік дамуы жөніндегі баяндамасынан кейін аудан тұрғындарының сауалдарына жауап берді.



ҚАУІПСІЗДІК – БІРІНШІ ОРЫНДА

Алатау ауданы тұрғынының сұрағы:

– Біздің тұрғын үй кешенімізде 25 000-нан астам адам тұрады және халық тек өсіп келеді. Көптеген бұзушылықтар тіркелген. Біз әр кеш сайын полиция шақырамыз.

Мен біздің учаскелік қызметкерлерге ризамын, сондықтан бүгін сізден тірек пунктін сұрауға келдім. Бұл бізге қажет, біз үнемі түн ортасында полицейлерді шақырамыз. Сізден бұл мәселені шешуіңізді сұраймын.

Алматы қаласы полиция департаментінің бастығы:

– Қазіргі уақытта жергілікті бюджеттен

сатып алу аясында біз Аккенттегі тірек пунктін үшін үй-жайларды сатып алуға қаражат іздеп жатырмыз. Қыркүйек айының соңына дейін бұл мәселені шешеміз деп ойлаймын. Біз портативті модульдік посттарды сол жерге қойғымыз келді, бірақ бұл әдемі көрінбейді.

Қала әкімі:

– Мобильді пункттер туралы мәселе дизайнға емес, олардың функционалдығында. Бұрыннан бар жерде ұзақ уақыт болу мүмкін емес: төрт әйнек, бір есік, ыңғайлылық жоқ. Сайранға қоюды жоспарланған элементтерді негізге алайық, оларға тапсырыс берейік. Өртүрлі жерлерде байланыс орнатыңыз, қосыңыз (Заппаровка). Адамдар қыста да, жазда да бола алатын өркеніетті стационарлық пункттер болады.

Сондай-ақ, біз бейнемониторинг жүйесін орнатамыз: Алатау ауданында 904 камера пайда болады. Мен әкімге Аккентте камераларды қайда қою керектігін, адамдар жиналатын және қауіпті жерлерді талдауды тапсырамын.

«МӘДЕНИЕТ» ЫҚШАМАУДАНЫНА ГАЗ ҚҰБЫРЫ ТАРТЫЛАДЫ

Қала әкімі Ерболат Досаевтың Алатау ауданы халқымен кездесуінде тұрғындар көгілдір отынға қашан қосылатыны жөнінде сұрады.

Аудан тұрғынының сауалы:

– «Мәдениет» ықшамауданының тұрғындарында үш жыл болды, газ жоқ. Өлі күнге дейін көмір жағып отырмыз. Бармаған жеріміз, баспаған тауымыз жоқ. Көп болып «ҚазТрансГазАймақ» мекемесіне де бардық. Бізге газ қашан келеді?

«ҚазТрансГазАймақ» басшысы:

– Өткен аптада аталмыш мәселеге байланысты «Мәдениет» ықшамауданының бір топ азаматын қабылдадық. Қазіргі таңда мердігер анықталды. Қаражат бөлінді. Шарт бойынша газ құбырларын 25 желтоқсанға дейін жүргізетін боламыз.

Қала әкімі:

– Бүгінге дейін құжаттарын дайындады, мердігермен келісті.

Аудан тұрғыны «Қара жер» көшесіне қашан жарық қосылатынын сұрады. Қала әкімінің айтуынша, Алатау ауданында жарығы жоқ 378 көше бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Жұмысты аяқтау мерзімі – қыркүйек айының соңына дейін. Ал жұмыстарды бастау 2024 жылдың наурызына жоспарланған.

СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ БАҚЫЛАУДА

Аудан тұрғыны:

– Біздің ауданда «Алғабаста» оң жағында бірде-бір кәріз өткен жоқ. Кеше бізге ПИК төрағасы біздің үйлерімізде бұл



БАСТЫ НАЗАРДА

тұрғындарымен кездесті



көлік жұмысының сапасын арттыруға үнемі көңіл бөліп келеді.

Қала әкімінің айтуынша, 2023 жылдың қараша айының соңына дейін Алатау ауданы бойынша 20 аялдама кешенін салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, 4 маршруттың жылжымалы құрамы толығымен жаңартылды: №46, 69, 109, 122. «Бұл тек 65 автобус. Ағымдағы жылдың 4 тоқсанына дейін тағы 52 бірлік жылжымалы құрамды 4 маршрутты жаңарту жоспарлануда: №24, 125, 19, 88, – деді шаһар басшысы.

БІЛІМ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Халықты әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселесі ауданда ерекше назарда. Бұл бағытта ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Қала әкімінің айтуынша, бүгінде ауданның «Саялы-2» және «Зерделі» шағынаудандарында 550 орынды 2 жаңа мектеп салынуда.

«Саялы-2» мектебінің құрылысы келесі жылдың ІІ тоқсанында, «Зерделі» ш/а

мектеп құрылысын 2024 жылдың соңына қарай аяқтау жоспарланған.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында «Самғау», «Алғабас», «Қарасу», «Теректі», «Әйгерім» және «Ақбұлақ» шағынаудандарында 11 500 орынды тағы 6 мектеп салу үшін дайындық жұмыстары басталды.

Бұған қоса, ауданда екі мемлекеттік колледж салынады. «Зерделі» шағынауданында 380 орынды жатақханасы бар 720 орынды кәсіптік-техникалық колледж салынады. Сондай-ақ, индустриялық аймақ аумағында 380 орынды жатақханасы бар 720 орынды инновациялық технологиялар колледжінің құрылысы бойынша мердігер анықталды. Колледждердің құрылысы осы жылдың тамыз айында басталады.

Сонымен қатар, Алатау ауданында аптасына 5 мыңнан астам бала қатыса алатын инновациялық шығармашылық орталықтың (Оқушылар сарайы) құрылысы аяқталды.

«Алатау ауданында осындай деңгейдегі шығармашылық орталық алғаш рет ашы-

луда. Шығармашылық орталығының ашылуы 21 тамызға жоспарланған», – деді ол.

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Алатау ауданындағы «Саялы» және «Қарасу» шағынаудандарында жоспарлы қуаты бір ауысымда 200 адам қабылдайтын 2 дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүргізілуде.

– «Қарасу» шағынауданындағы ОДА-ның аяқталу мерзімі қазан айына және «Саялыда» жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған, – деді қала басшысы.

30 ҮЙ НЫҒАЙТЫЛДЫ

Алатау ауданының тұрғындарымен кездесуде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Зерделі» шағынауданын дамытуға ерекше назар аударылатынын айтты. 30 үйді тегістеу және нығайту жұмыстары толығымен орындалды. Бүгінгі таңда аула учаскелерін абаттандыру және асфальттау жұмыстары аяқталды.

«ҚазҚСҒЗИ» АҚ институтының қорытындысына сәйкес, нығайтылған және тегістелген үйлер одан әрі пайдалануға жарамды. «Отбасы банк» АҚ пәтерлерін кепілге алу мәселесі жақын арада шешілетін болады», – деді қала басшысы.

Еске салсақ, 2012–2016 жылдары «Зерделі» ш/а мемлекеттік бағдарлама бойынша 30 көпбұрышты 9 қабатты үй салынды. Олардың көпшілігі бұзушылықтармен тұрғызылды: пәтерлерде есіктер жылжып, қабырғаларда жарықтар пайда болды, үйлер қисайып кетті. Үйдің соңғы қисаюы 2019 жылы орын алды.

СУ БАСУ АУМАҒЫ САҚТАНДЫРЫЛАДЫ

Жауын-шашын кезінде Алатау ауданында 18 су басу учаскесі анықталған болатын. Бүгінгі таңда ТЖ желісі бойынша оның 10-ы жойылды.

Қалған 8 су басу учаскесінің жалпы ұзындығы 49 км, 59 көше бойынша қаланың батыс бөлігінде арық желісін және нөсер кәрізін салу және реконструкциялау жөніндегі жобаны іске асыру аясында жыл соңына дейін жойылатын болады.

шамамен 50 үй, 1 тамыздан бастап суды өшіретіні туралы айтты. Өйткені, оған сорғы үшін 350 мың төлеу тиімсіз. Олар суды қандай негізде өшіреді? Біз кәріздің тартылмағанына кінәлі емеспіз ғой.

Қала әкімі:

– Келесі жылы біз желілерді саламыз, бұған дейін ПИК сізді сумен қамтамасыз етеді. Біз сорғылар бойынша мәселені шешеміз. Әкімге тапсырма беремін.

Азамат Қалдыбеков, Алатау ауданының әкімі:

– «Алғабастағы» жағдайға келетін болсақ, Рысқұловтың оң жағы – ол құрылыстың үшінші жобасына енгізілген, маусым айында жұмыстар басталған. ПИК-пен сөйлесейік, 1 тамыздан бастап ешкім суды өшірмейді. Мен бұл мәселені шешемін.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН АЯҚТАЛАДЫ

Аудан тұрғынының сұрағы:

– Қазір «Қарасу» ш/а орташа жөндеуден өтіп жатыр – ол 84 мың шаршы метрді қамтиды, ал траншея 148 мың шаршы метрді қамтуы керек еді...

Қала әкімі Ерболат Досаев:

– Орташа жөндеу траншеяға қарағанда жақсы. Мен орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуді тапсырдым: асфальтты сапалы төсеп, «Қарасу» ш/а шығу қажет. Біз бұрғылау қондырғыларын әкелдік, 2 КНС аяқтадық. Тамыз айының соңына дейін Қарасуда барлық жұмыстар аяқталады. Орташа жөндеу бойынша біз бәрін стандартқа сай жасаймыз.



● ТҮЙІН:

Алматы қаласының әкімімен кездесуде тұрғындар тарапынан қойылған сауал өте көп болды. Шаһар басшысы олардың ешқайсысын жауапсыз қалдырған жоқ. Қажет кезінде сала бойынша мамандардан жауап алып отырды. Кездесуде халық негізінен жолдарды жөндеу, кәріз және электр желілерін абаттандыру, жарық және т.б. әлеуметтік мәселелерді көтерді.

Қалалық Мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаевтың айтуынша, орташа жөндеу жұмыстары аясында 2 жұмыс орындалады: асфальтбетонмен траншеялық тығыздау – 6 см және әрлеу қабаты – 5 см.

– Егер мүмкіндік болса, тротуарлар мен арық желілері абаттандырылады, – деді ол.

Әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Айнабай МӘДИ.

101 САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алатау ауданында тамыз айында 5 мектепке қосымша тағы 25 АВТОБУС жіберіледі




Ауданда 2 МЕМЛЕКЕТТІК КОЛЛЕДЖ салу жоспарлануда



«Саялы-2» шағынауданында 160 орынды мемлекеттік балабақшаның құрылысы аяқталды



Биыл Алатау ауданында ұзындығы 295 шақырым инженерлік желілерді төсеу жұмыстары жүргізіледі



Ауданда 31 трансформаторлық подстанция орнатылып, 81,3 шақырым иесіз электр желілерін реконструкциялау жұмыстары жалғасуда



12 шағынауданда орташа жол жөндеу жұмыстары басталды



«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының бірінші кезеңінде 35 жоба толығымен аяқталды



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШЫМБҰЛАҚ
туристер үшін уақытша
жабылды

Демалыс орны әкімшілігінің мәліметінше, Шымбұлақ санитарлық тазалық жұмыстарына байланысты уақытша жабылды. Оған сел жүріп, жаяу жүргіншілер көпірі мен су алатын құбырдың істен шығуы себеп болған.

«21 шілдеде Тұйықсу Альпі лагерінің маңында Кіші Алматы өзенінде табиғи апат болды. Сел жүріп, жаяу жүргіншілер көпірі қирады, су қабылдағыш істен шықты. Соның салдарынан Шымбұлақта су беру тоқтатылды. Біздің мамандар су қабылдағыш станцияны лайдан тазарту жұмыстарын қарқынмен жүргізіп жатыр. Қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз», делінген хабарламада.

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері ауа температурасының жоғарылауынан және мұздықтардың еруіне байланысты Кіші Алматы шатқалының сағасындағы су деңгейі көтеріліп, ластанып, ішуге жарамсыз күйге түскенін атап өтті. Қазір Алматы тауларында жағдай тұрақты және Төтенше жағдайлар департаментінің бақылауында. Мұздақ көлдердің тасу қаупі жоқ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда болған жауын-шашынның салдарынан сумен қамту тораптарында судың лайлану деңгейі артып, қаланың Медеу ауданының оңтүстік бөлігіне су беру уақытша тоқтатылған еді.

Алматы өңіріндегі температураның көтерілуі Кіші Алматы шатқалындағы таулы қар жамылғысының күрт ерітті. Бұл өз кезегінде су деңгейінің күрт көтерілуіне, жағалаулардың шайылып кетуіне, селдің орын алуына, Жергілікті селдің орын алуына Кіші Алматы шатқалындағы тау өзеніндегі судың лайлануына әкелді.

Табиғи құбылыстан туындаған бастапқы судың лайлануының жоғары концентрациясы үшінші күні су тазарту станцияларында одан әрі су дайындау үшін қажетті су көлемін алуға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты Медеу ауданының оңтүстік бөлігінде, әл-Фараби даңғылының оңтүстігінде ауызсу беру қысымы төмендеп, шектелді.

— Осы шілдеде соңғы 8 жылда әдеттен тыс ыстық ауа райы орын алды. Температураның жоғарылауына байланысты 12 күн бойы тауларда мұздықтардың белсенді еруі байқалады, — деді Алматы қаласы ТЖД бастығының м.а. полковник Ерлан Әлібеков.

Алматы тауларында сел шығарындыларының салдары жойылады. ТЖД өзен арнасына жету үшін жолды тазарту жұмыстарын жүргізуде.

— Сел ойығындағы таулы өзеннің жағалауларын нығайту (ұзындығы шамамен 8 км) биік тауларда болуына байланысты мүмкін емес. Жұмыстардың қолжетімділігі, беткейлердің тік болуы және инфрақұрылымның жоқтығы қиын болуда, — деді Алматы қаласы ТЖД бастығының м.а. полковник



Ерлан Әлібеков. Қазіргі уақытта Қазселден-қорғаудың 8 инженерлік техникасы трактор автожолын (Тұйық су мұздығы) эрозия салдарынан тазарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, Қазгидромет РМК деректеріне сәйкес, ауа температурасының біртіндеп төмендеуі ағымдағы аптаның соңынан күтілуде. Ауа температурасының төмендеуі мұздықтардың еруін азайтуға көмектеседі, бұл жағдай судың сапасын жақсартады.

Қалалық энергетика және сумен жабдықтау басқармасының мәліметінше, қалаға берілетін су көлемінің сапасы тұрақты зертханалық бақылауда. Бұл ретте соңғы күндері Медеу сүзгі станциясындағы лайлану деңгейі 600 мг. дм³-тен (а.ж.22 шілдесі) 142 мг. дм³-ке (а.ж. 24 шілдесі) дейін төмендеді, алайда таулы өзендердің арнасынан асуына байланысты лайлану концентрациясы қайтадан күшейе түсті. Күні бойы, ағымдағы жылдың 25 шілдеде лайлану 170-358 мг. дм³ деңгейінде сақталады.

«Температура кестесі одан әрі төмендеген жағдайда мамандар бастапқы судың лайлану концентрациясының төмендеуін болжайды, бұл өз кезегінде аудан тұрғындары үшін су беруді одан әрі қалпына келтіруге алып келеді, — деді энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Талғат Малыбаев.

Әкімдік тұрғындарды суға қолжетімділікпен қамтамасыз ету бойынша уақытша шаралар қабылдады. Тұрғындармен кездесу барысында Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин мен «Алматы Су» МКК бас директоры Ілияс Қазиев қысымды төмендету және су беруді уақытша шектеу бойынша жағдайды түсіндірді.

«Бүгін біз «Алматы Су» басшылығымен бірге Медеу ауданының оңтүстік бөлігінің тұрғындарымен кездестік. Тұрғындардың өтініші бойынша су таситын көліктердің саны ұлғайтылды (8 бірлікке дейін), биотуалеттер орнатылды, аталған мәселелер бойынша жедел желі ұйымдастырылды», — деді Е.Оразалин.

БРИФИНГ

ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚ БОЛАЙЫҚ!

Алматы ТЖД басшысы өрт қауіпсіздігі туралы айтты

Алматыда ауа райының ыстық болуына байланысты өрт қаупі сақталуда. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Данияр Жүсіпов мәлімдеді.

— Жаз — бұл табиғи өрттердің пайда болу қаупі айтарлықтай артатын уақыт екені бәрімізге белгілі. Олар қоршаған ортаға, экономикаға және адамдардың денсаулығына елеулі зиян келтіруі мүмкін. Ауа райы болжамына сәйкес, шілде айының соңында температура 40 градусқа дейін көтерілетін ыстық ауа райы күтіледі. Бүгінгі күні «Қазгидромет» 2023 жылғы 23 шілдеден бері төтенше өрт қаупі сақталатынын айтып, шұғыл ескерту жасауда», — деп бөлісті спикер.

Департамент өрттің алдын алуға және сөндіруге бағытталған іс-шаралар кешенін өткізеді. Алматы ТЖД жеке құрамы жоғары дайындық режимінде.

Таулы орманды жерлерде өрттердің алдын алу, ерте анықтау және уақытты жою мақсатында 26 маусымнан бастап Үлкен Алматы шатқалында механикалық күзет қойылды. Сондай-ақ, 11 шілдеден бастап құрғақ өсімдіктердің өртену қаупі жоғары жерлерде, бес учаскеде механикаландырылған күзет қойылды. Олар Иштван Қоңыр көшесі, «Кеңсай-2» ықшамауданы, «Көк-Төбе» паркі, ҰАК бойымен индустриалды аймақ.

— Таулы орманды жерлерде өрттің алдын алу мақсатында аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері күнделікті мониторингті жүзеге асырады. Бүгінгі таңда 90-нан астам рейд жүзеге асырылды, 7 мыңнан астам жадынама табыс етілді, 170-тен астам от жағу фактісі тоқтатылды, жалпы сомасы 5 млн теңгеден астам сомаға 100 жеке тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, — деп атап өтті Д.Жүсіпов.

Департамент жергілікті атқарушы және басқа органдармен бірлесіп тау-кен өрттерін сөндіру бойынша жою алгоритмін қайта өңдеп, келіскен.

— 3 өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді. Табиғи өрттерге жедел әрекет ету мақсатында департаментте 13 адамнан тұратын табиғи өрттерді сөндіру жөніндегі жиынтық жасақ құрылды, табиғи өрттердің пайда болуы



туралы шақырту түскен кезде күштер мен құралдар №2 шақырудың жоғары дәрежесі бойынша жіберіледі, — деп атап өтті спикер.

Таулы-орманды жерлерде өрттің алдын алу мақсатында департамент жаяу бөлімшелерден басқа патрульдеуде 3 дрон пайдаланады. Бұл дрондардың ерекшелігі — олар 8 км-ге дейін және теңіз деңгейінен 6000 метр биіктікте ұша алады, сонымен қатар жылу камералары мен дауыс зорайтқыш құрылғылармен жабдықталған, от тұтатуға болмайтын жерлерде от жағатын бұзушыларды әлдеқайда тиімді және жылдам табуға көмектеседі.

Сондай-ақ, департамент деректері бойынша, таулы орманды жерлерде өрттерді сөндіруге дайындықта Алматы және «Қазавиақұтқару» құтқару қызметінің 5 әуе борты бар, сондай-ақ Үлкен Алматы көлі, Пархач, Әуешай және Юнатское көлдерінен авиациялық техникамен су алу мүмкіндігі көзделген.

Брифинг барысында басқарма басшысы таулы орманды жерлерде өрттің жиі орын алуының себебі адам факторы бо-



лып табылатынын атап өтті. Ал табиғи парктар аумағы (Іле Алатауы ұлттық паркі, Медеу табиғи паркі, Баум тоғайы және т.б.) табиғи өртке барынша бейім. Бұл аумақтар қала тұрғындары мен туристердің сүйікті орындары болып табылатындығын ескере отырып, ТЖД таулы жерлерде өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтауға шақырады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

- Демалыс орындарында қоқыс қалдырмау, тұтануы мүмкін қоқыстарды өзіңізбен бірге алып кету керек;
- Жанып тұрған сіріңкелерді, темекі тұқылдарын тастамау, құрғақ шөпті күйдірмеу қажет;
- Осы мақсаттар үшін арналмаған жерлерде от жағуға, барбекю мен тамақ дайындауға арналған басқа да құрылғыларды пайдалануға болмайды.

Кұралай ЖҰМАДИЛОВА.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Біздің заманымызда зиянды әдеттер етек жайған. Одан аулақ жүрудің өзі қиынға соғып тұр. Өйткені, айналаның бәрінде қызылды-жасылды болып, алаулатқан-жалаулатқан, адам денсаулығына кері әсер ететін дүниелерден көз сүрінеді. Балаң көңілі алып-үшқан жасөспірімдер мен қызық құған жастардың оны айналып өтуі екіталай болып барады.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Нарықтық экономика жағдайында сырттан мол тауар келеді. Іргеміздегі алпауыт державалардың түрлі-түрлі тауарлары көп. Ол жақта қандай деңгейде дайындалып шығарылды, оған көңіл бөле бермейміз. Алып сату саудасы қызып барады. Соның ішінде елді алаңдатып, жұрттың деісін қашыратын дүниелердің бірі – коркор.

Бұл затты тұтынбайтындар аз. Жас талғамайды. Тіпті, жынысқа бөлінбейтін болып алды. Қыз-келіншектер бұрқыратқанда, шошисыз. Көңіл көтеру орталықтарының барлығында кездеседі. Уақыт озған сайын әдетке айналып, ермекке ұласып, қалыпты үрдіс сияқты болып барады. Ал оның залалына ешкім мән бермейтін күйге түсті. Осы жайында толғанатын мәселе жетерлік. Осы төңіректе нақты дәйектермен қаулап, ел-жұртқа зиянды тұсын ашып

көрсетіп беруді парыз санаймыз. Өйтпесе, бұл қалыпты үрдіске айналып, жастардың санасын улап бітетін түрі бар.

Әуестенсе, әдетке айналады

Бұл – көпшілік арасында кальян аталып кеткен. Кез келген отырыс мұнсыз өтпейтін халге жетті. Жұрттың баршасы караоке, бар іздейді. Бір сәт ән айтып, ойдағы-бойдағы стрестен арылғысы келеді. Қым-қуыт тірліктен қол үзуді диттейді. Онысы дұрыс-ақ. Бірақ әп-әдемі басқосудың сәні ән шырқап, өзара әзілдесіп, ойын ойнау емес, кальян тарту болып барады.

Өріптестер, дос-жоран, сыйласатын ортада бір-біріне деген құрмет артады. Ішіп-жеу, тілек айту, туған күн атап өту, диплом қорғағанды жуу – барлығы қызу әрі келісті ұйымдастырылады. Соның нәтижесінде өзара құрмет білдірудің тағы бір үлгісі орын алған. Яки, кальян дайындайтын жігітті шақырады. Ол әдетте бөлек қызмет көрсетеді. Өзінің бағасын ұсынады. Мәзірін айта бастайды. Яғни жалғыз қосылған, шоколад дәмдес, қышқыл түрі деп мың санға бөлінеді. Осылардың арасынан ұнағанын тандайсыз. Бағасы ішіне қосылған затқа тікелей байланысты. Нарықтағы құны 7–10 мың теңгенің ар жақ-бер жағында. Кафе біткен мұнсыз іс қылмайды. Себебі, сұраныс күшті, қызығушылықта шек жоқ. Сондықтан жұрт әуестенбей қайтсін.

Алаңдата бастады

Айтып-айтпай не керек, кафе-барларда нәпақа табу үшін баратын әртүрлі жағдайларды көрдік. Кейбір оқиғалардан жаға ұстатарлық ахуал байқалды. Жастардың кешкі уақыты құр өтпейді. Түнгі клуб, кафе, караоке барда сауық кештеріне жиналады. Қылт еткен құбылысты, жылт еткен жаңалықты, жұлде ұтқан шақты, қызметке өрлеген кезді – бәрі-бәрін атап өтуге құмар. Дұрыс-ақ. Әр қуанышты тойлап өткен жақсы. Оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Алайда, тәп-тәуір думанды жиында будақтатып, түтінін ауыздан бұрқыратып жап-жас жігіттер отырады. Бұған университетке енді аяғы ілінген 17-18 жаспан бастап елігеді. Қатарластарынан оқшау қалмауға тырысады. Қыздар да қалыспайды. Соңғы тиынын пұлдап ортаға алдырады. Бұрын араб, түрік фильмдерінен осыны көретін едік. Дәп бүгін дәл жанымызда, қолжетімді болып қалды.

Өлгі ойымызға қайта оралайық. Кафеде істеп жүрген уақытымызда көп жәйтке қанықтық. Зиянды затты отқа күйдіріп, арасына біз білмейтін түрлі елітетін зат қосылады екен. Оны сол арадағы кальян әзірлейтіндер айтқан еді. Сырт пішіні шығыстық үлгідегі құманға ұқсайды. Әр тартқан сайын қорылдайды. Түрлі дыбыс шығарады. Төбе тұсында қып-қызыл шоқ лаулап тұрады. Иә, қазір небір кереметі шықты ғой. Осыны дайындап тартып, дәмін реттейтін мамандарының өзі күнұзаққа



ЗИЯНДЫ ТҰСЫ:

- Миды кептіреді.
- Масаң күйге түсіреді.
- Қан айналымын бұзады.
- Жүректі қысады және т.б.

айналысқан соң, меңзең күйге түсіретінін айтады. Содан-ақ қаншалықты денсаулыққа зарар берері түсінікті. Бұл – нағыз алаңдатарлық жағдай.

Жастарды арашалауымыз керек

Біз аяғымызды қаз-қаз басып, енді-енді бой түзеп келеміз. Еліміздің болашағы кемел болуы үшін қолдан келген игі істен шет қалмауымыз керек. Қолдан келсе білім-ғылым арқылы өмірімізді дұрыс жолға бағыттайтын уақыт. Ғалымдардың пайымдауынша, коркорды бір мәрте ішке тартқанның өзі өте зиян екен. Кей деректерде 12 тал темекі шегумен пара-пар деседі. Ойлап қараңызшы, осыдан кейін жас, балғын ағзамыз не болады?!

Сонымен қатар, медицина мамандарының пікірінше, белсіздік пен бедеулікке тікелей әсер етеді екен. Мұны ақтап, арашалап алғысы келетіндер табылар. Өйтсе де, шындық осы... Мұның құрамына қосылатын қоспалар арысы араб елдері, берісі Түркия, іргедегі Өзбекстан және т.б. елдерден импортталатын көрінеді. Ол жағы әммеге аян. Асқазан, ішек жолдарына дейін шамадан тыс никотин барған соң шаруа бітті дей беріңіз. Осы жөнінде ұдайы айтып келеміз. Бірақ тыйым болмай тұр. Барлық жерде ашықтан-ашық сатылып жатыр. Жуықта бір танысымыз 74 мың теңге қаржысын жұмсады. Коркорды барлық заттарымен бірге сатып алды. Үйіне апарып шекпекші екен. Өзі қыз бала. Жасы бар болғаны 20-да. Енді ойлай беріңіз мұның арты не болмақ?!

Жастық шақта елітетін дүние көп. Соның бірі – осы бір зат. Қанша жерден дабыл қақсақ та, құлақ асар ешкім табылмай келеді. Бірлі-жарым қоғам белсенділері айтып-ақ жүр. Десе де, әлі нәтиже жоқ. Негізі заңмен шектемей бәрі бекер. Сондықтан көзіқарақты ағайын зер салар деген ойдамыз.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақылбек ҚАЙРАТУЛЫ,
коркор әзірлеуші:

ЖОЛАЙТЫН ЗАТ ЕМЕС

Біз Алматының мейрамханаларының бірінде жұмыс істейміз. Таңғы сағат 11.00-де келемін. Содан түнгі 23.00-ге дейін осындамыз. Қымбат, жоғары дәрежелі меймандарға қызмет көрсетеміз. Мүмкін болғанша көңілін тауып, сұранысты қанағаттандыруға тырысамыз.

Кейбір қонақтар 25 грамм табак 60 тал шылым шеккендей әсер беретінін айтады. Бәзбіреулер мұсылманшылыққа тура келмейтінін меңзейді. Кім не десе де, жұмысымыз осы. Ауылдан қалаға келдік. Жоғары оқу орнында оқыдық. Диплом бойынша екі қолға бір күрек табыла қоймады. Табылған күннің өзінде электрік болып істеу үшін 100–120 мың теңгемен бастауым керек екен. Ондай қаражат алып қалада жүріс-тұрысына әзер жетеді. Өткенде ресейліктер мобилизациядан қашқанда пәтерлер құны бір айға 700–800 мың теңгеге көтерілді. Қазірдің өзінде 1-2 бөлмелі үй 200–250 мың теңге көлемінде беріледі.

Енді ойлап қараңыз, қайтіп күн көресіз. Сондықтан коркор әзірлеуші болып істеп жүрмін. Табысым пәтерке, жол-пұл – бәрін жабады. Алайда, әрқайсысын бір шегіп, әзірлеп, басым жиі айналады. Қышқыл жөтел пайда болды. Істеп жүргеніме 3 жыл толады. Бұйырса, жиған-тергенімді алып, Көкшетауға қайтпақпын. Магистратураға түсуге талпынып жүрмін. Көреміз. Бір түйгенім, жолайтын зат емес екен.

Нұрбол ҚЫСТАУБЕКОВ,
қала тұрғыны:

ДЕНСАУЛЫҒЫМДЫ КҮТЕМІН

Жастық шақта адамның басынан не өтпейді. Кальянды ең алғаш әріптестеріммен тартып көрдім. Оған дейін жұртқа ақыл айтып, жоламайтын едім. Шеккендер арасында болмауға тырысатыным. Бір күні жолдастар қоймады. Корпоратив кеші-тұғын. Одан шыға салып кафе, бар жағаладық. Қатарластарыңнан қалғың келмейді. Сол түні таң атқанша қидырыппыз. Ащы суды қылғытып отырып, коркор тартыппыз. Содан әдетке айналды. Бір көрген соң қайталап, тағы тартқың келеді. 2 жыл алдын мұрныма ота жасаттым. Сол кезде демікпеге түсіп, ауа жұту қиындаған-тұғын. Дәрігерлер темекі, арақ-шарап, әсіресе, кальянға жолама деп ескертті. Сондағы жанымның көзіме көрінгенін айтып жеткізе алмаймын.

Бүгінде жүгірумен, дене қозғалысымен айналыса бастадым. Қатты жүгірмесем де, ептеп қозғалыс жасаймын. Таңғы жаттығуларға көңіл бөлемін. 6-7 айдан бері тренажер залдарына барамын. Жеке жаттықтырушы бар. Енді зиянды заттарға жоламасын. Одан да денсаулығымды күтемін деп шештім.



СӘТТІ ОТА

Көшеде мопедпен келе жатқан жасөспірімді көлік қағып кетіп, 10 күн комада жатқан болатын. Жақында баланың әкесі Алматы қаласының №4 қалалық ауруханасы мен №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының дәрігерлеріне баласын аман алып қалғаны үшін алғысын білдірді.

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ»
ШЕШІМІ ОҢ БОЛДЫ

Мопедтегі жасөспірімді
көлік қағып кетіп,
10 күн комада жатқан

«Жедел жәрдем» бригадасы жасөспірімді оқиға орнынан №4 қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөліміне жеткізген. Зардап шегушінің жағдайының ауырлығына байланысты жедел жәрдем дәрігерінің жасөспірімді жақын маңдағы ауруханаға жеткізгені өте дұрыс шешім болған. Наукас дереу жансақтау бөліміне жатқызылады. Онда наукасты көпбейінді топ жан-жақты қарап, шокқа қарсы терапия жүргізледі. Сонымен қатар, №2 балалар клиникалық ауруханасының педиатр-мамандары шақырылып, консилиум өткізілді. Нәтижесінде балаға «жабық бас сүйек-ми жарақаты, мидың ауыр жарақаты, төменгі жақ сүйегінің сынуы, жабық кеуде жарақаты, сол жақта өкпенің соғылуы, оң жақтағы бірінші қабырғаның сынуы, сол жақ бұғана сүйегінің жабық ұсақталған сынығы, екі жамбас сүйегінің ортаңғы үштен бір бөлігі сынықтарының ығысуы» диагнозы қойылған. №4 қалалық клиникалық аурухананың анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімінде 10 күн бойы жасөспірімнің өмірі үшін күрес жүрді. Оның жағдайы тұрақталғаннан кейін әкімшіліктің келісімімен «Рембригада» наукасты №2 балалар клиникалық ауруханасының қабылдау бөліміне жеткізді. Мұнда оған балалар нейрохирургтері, ортопед-травматологтар, невропатологтар, карди-ревматологтар, офтальмологтар бірлескен тексеру өткізді. Қарап, тексергенде бала каталкада, жалпы жағдайы ауыр, тұрақсыз, ес-түссіз, жасанды тыныс алу аппаратында болды. №2 балалар клиникалық ауруханасының мамандары пациентке ем-шаралар кешенін жүргізді. «Интрамедуллярлық остеосинтезді тежеу арқылы ішкі бекітумен жамбас сүйектерінің фрагменттерінің ашық репозициясы» отасы сәтті орындалды.

«Ұлым мопедпен келе жатқанда, солға бұрылып жатқан Chevrolet жүргізушісі оны қағып кеткен. Жақын маңдағы ауруханаға, шүкір, тез жеткізілді. Аллаға шүкір, одан кейін дәрігерлерге көп рахмет!», – дейді ажал аузынан қалған жасөспірімнің әкесі.

МАМАН КЕҢЕСІ

АУЫРМАСАҢЫЗ ДА,
ЖЫЛЫНА БІР РЕТ
ҚАРАЛЫП ТҰРУ КЕРЕК

«Жедел жәрдем» бригадасы Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының қабылдау бөліміне ауыр жағдайдағы 43 жастағы әйелді жеткізді.

Ауруханаға түскен кезде әйелдің жатыры 13-14 апталық жүктілікке сәйкес ұлғайғаны анықталған. Ал мұндай тосын жағдай үлкен ісік болып саналады. Қан кетіп, ауыр анемияға ұшыраған (гемоглобині 22 г/л) наукастың жалпы жағдайы өте ауыр болған. Пациент дереу анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесіне жатқызылған. Негізгі науқасқа 2022 жылы «жатыр миомасы» диагнозы қойылған екен.

– Жатыр миомасы бар науқастарда гемоглобин деңгейінің түсуінің негізгі және айқын себебі – зақымдалған органнан патологиялық қан кету. Сондықтан миомамен ауыратын науқастарда патогенетикалық теміртапшылығы бар анемияның емі – қан кету көзін, яғни жатырды хирургиялық жолмен алып тастау, – деп түсіндірді аталған аурухананың гинекология бөлімшесінің меңгерушісі Алма Бексұлтанова.

Осылайша А.Бексұлтанова және дәрігер-гинеколог Б.Қалдыбай «Пфанненштиль» бойынша «лапаротомия, сол жақ қосалқыларымен жатырдың экстирпациясы» отасын жасады. Операция екі сағатқа созылған. Отадан кейінгі кезең асқынусыз өтіп, әйел өзін жақсы сезініп, ауруханадан үйіне шығарылды.



– Біздің тәжірибемізде үлкен көлемдегі миома жіңі кездеседі. Мұндай түзілімдер бүйректің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі, жүқпалы және қабыну ауруларының дамуына ықпал етуі мүмкін. Асқорыту жүйесінің жұмысы да бұзылады. Сонымен қатар, олар онкологиялық қауіп төндіреді. Барлық әйелге патология мен ауру болмағанын өзінде кем дегенде жылына бір рет гинеколог-маманға көріну керек екенін еске салғым келеді.

Қайталап айтамын, гинекологқа үнемі қаралып, уақытында тексеруден өту маңызды. Өйткені, әйел адам шыдамды келеді, көп ауру туралы білмеуі және ешқандай белгіні сезбеуі де мүмкін. Ал егер сізде қандай да бір гинекологиялық ауру болса, онда міндетті түрде дәрігер ұсынған жүйелілікпен тексеріліп тұру керек, – дейді Алма Бексұлтанова.


ЖАҢА ЖОБА

«ӨЗГЕНІҢ ЖАНЫ ҮШІН
ЖАНЫМ ПИДА»

Ақ желеңді абзал жандарға арналған көрме
осылай аталады

Қазақстанның бейнелеу өнері саласында кейінгі 40 жылда болмаған өзгеше көрме ашылды. Дәлірек айтсақ, мегаполистегі Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде медицина қызметкерлеріне арналған «Өзгенің жаны үшін жаным пид» атты республикалық көрме шымылдығын түрді.

Елдік деңгейдегі аталмыш көрмені Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Яблоневая палитра» кәсіби суретшілер қоғамы ұйымдастырған. Өзгеше көрмеге Алматы, Астана, Қарағанды, Ақтөбе, Орал, Тараз, Шымкент өңірі мен Алматы облысынан қатысқан 40-тан астам суретшінің туындылары қойылған. Көрме экспозициясына 50-ге жуық кескіндеме, графика, мүсін, қолданбалы өнер туындылары ұсынылған.



Көрме медицина саласындағы елге танымал дәрігерлердің бейнесі мен олардың баға жетпес еңбегін, жалпы ақ халатты абзал жандардың негізгі қызметін көрсету мақсатында ұйымдастырылған. Қылқалам шеберлері туындыларында адам өмірі үшін күрестегі жанкешті еңбекті, үміт, сенім және қуанышты бейнелеген.

– Көрменің ерекшелігі – еліміздің әр өңірінен қатысқан суретшілердің 2020 жылы әлемде болған COVID-19 пандемиясы кезінде, сондай-ақ медицинаның әрбір саласының мамандарының өмір мен өлім арасына араша түсіп, өз жанын пид еткен және аянбай табан тіресе күрескен еңбектері әртүрлі жанрда көрініс табуы. Суретшілер тақырыпқа байланысты өз креативті ой-тұжырымдарын мейлінше айқындап, авторлық стиль мен тақырыптық, композициялық концептуалды шешімдерін реалистік, абстракциялық, авангардтық, минимализмдік, концептуалдық мәнердегі көркемдік идеяларын кеңінен таныта білген, – дейді Ә.Қастеев атындағы музейдің «Педагогика және жобалау қызметі» бөлімінің басшысы әрі көрме жетекшісі Гүлнар Жұбаниязова.

Ақ халатты абзал жандардың жанкешті еңбегін қылқалам шеберлерінің көзімен көргіңіз келсе, «Өзгенің жаны үшін жаным пид» көрмесіне келіңіз. Экспозиция тамыз айының 7-сіне дейін жалғасады.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Алматыда неонатологтар екі жақты өкпе қабынуымен туған нәрестені ажал аузынан алып қалды. Бала өткір оттегі жетіспеушілігі белгілерімен туған. Тыныс алуды толығымен қалпына келтіру мүмкін болмады. Оған себеп – жаңа туған сәби өкпесінің екі жақты қабынуы.



БӨБЕК ДІН АМАН

Кейіннен анықталғандай, құрсақшілік тыныс алу жетіспеушілігі жүкті кезінде анасының инфекциясы балаға жұққандығы себеп болған. Сәби өздігінен дұрыс тыныс ала алмағандықтан туғаннан бастап, Алматы қалалық №4 перзентханасының жаңа туған сәбилерге арналған қарқынды терапия жағдайында, өкпені жасанды желдету аппаратында жатты. Дәрігерлердің айтуынша, бала жақсы көрсеткіштермен өмірге келген. Салмағы 3 келі 332 грамм болса, бойы 53 см.

«Анасының аяғы ауыр кезде қан қысымы жоғары болған және қағанақ суының аздығынан зардап шеккен. Инфекция кезінде қанның ұюы бұзылып, дене қызуы көтерілген және ішек жұмысы бұзылған. Қан ұюын қалыпқа келтіру үшін қанның сұйық бөлігі құйылды. Сәби өздігінен еме алмағандықтан, өмір сүру қалпын сақтау үшін қоректік заттар тамыр арқылы жіберілді. Бала ұзақ уақыт бойы дәрілік ұйқыда болып өздігінен дем ала алмады. Өкпе мен ішектегі қабыну процестері қайтқаннан кейін, тыныс алуы біртіндеп қалыпқа келе бастады», – дейді №4 перзентхананың балалар бөлімінің меңгерушісі Ольга Кудрявцева.

Туа біткен екі жақты пневмония бактерия,

вирус немесе саңырауқұлақтардан пайда болады. Ол инфекцияның анадан балаға ұрықжолдас арқылы немесе босану кезінде жұғуы салдарынан туады. Босану кезінде оттегі жетіспеушілігі, шала туу немесе анасында басқа да медициналық мәселелердің болуы сияқты факторлар туа біткен екі жақты пневмонияның даму қаупін арттырады.

«Бұл жағдайда сәбидің анасында қасаға суы аз болған. Ол туа біткен екі жақты өкпе қабынуы қаупін арттыруы мүмкін. Ұрық қабының ерте жарылуы, плацентаның мәселелері немесе ана ағзасына сұйықтықтың жетіспеуі ұрықтың өкпесі мен басқа да ағзаларының дамуына қажетті оттегі мен қоректік заттардың жетіспеуіне әкеп соқтырады. Нәтижесінде бала инфекцияны жиі жұқтырады. Сондықтан жүкті әйелдің денсаулығын бақылап, тұрақты түрде тексеріп отырса, жүктілік кездегі кез келген мәселені дер шағында анықтауға болады», – дейді №4 перзентхананың босану бөлімінің акушер-гинеколог дәрігері Индира Кемалова.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



САУАЛНАМА



А С А Б А

ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

немесе
«бір тәмпишті сынаймын деп, бүкіл пұшық жау болды»



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Кешегі тойдың асабасы күлдірем деп бүлдіріп, көп тұста сөзден сүріне берді. Онысы, әрине, біраз мейманға ұнай қойған жоқ.

– Ал кәне, екі жас бақытты болсын десек, оң қолымызды жоғары көтерейік. Шанышқы ұстаймыз бәріміз. Кәне, кәне, жоғарырақ. Қымсынбайық. Кімнің қолтығында жағымсыз иіс болса, сол көтермейді. Ал енді «шанышқыны сол жағымызда отырған адамның басына тығып аламыз» деп ойлап қалмаңыздар, ойнап айтамын, – деп, шалт бұрылып, қатырдым дегендей үзіліс жасап алған асаба қонақтарға сөз беруге көшті. Тілектерден соң үзіліс жариялады да, «Ал енді бұттан бу шыққанша билеңіздер!» дегені... Қазір жаз мезгілі. Той маусымы. Ал сіз қандай асаба көріп жүрсіз? Жалпы, асабаларға көңіліңіз тола ма? Осы жазбамызды және сауалымызды Facebook әлеуметтік парақшамызда жариялаған болатынбыз.

Ғазизхан Әділханов:

– Отыз жыл бойы той басқарып келемін. Тойда адамдар шаршамай, демалып, тамаша әзіл, әсем әуендер тыңдап, ұлттық ойындар ойнап қайтуы керек. Жалпы, асабаның білімді, мәдениеті жоғары, өнерлі, сөзге шешен болғаны дұрыс. Өкінішке қарай, қазіргі көп асабаға көңілім тола бермейді. Олардың мақсаты – ақша табу. Біз кезінде ақша алмай-ақ халық алдына шығып өнерімізді көрсеткенімізге, тегін жүргізіп, ел алғысын алғанымызға риза болатынбыз.

Жазира Елшібаева:

– Той тізгінін ең алдымен интеллектуалдық деңгейі жоғары, мәдениетті, сөзге шешен, тапқыр, әзілмен қонақтарды шошытып емес, баурап алатын адам ұстағаны жөн. Той басқару ойыншық емес, жиналған жұртты шаршатпай, жалықтырмай, сол үш-төрт сағатта барлығын қыздың жиган жүгіндей етіп өткізу – үлкен еңбек. Қазір екіншісі – асаба. «Шаштарың түйіп, әдемі көйлек киіп» деген сияқты жұтаң ұйқастармен тойды бастайтындарды жиі көреміз. Аргы жағы белгілі... Шақырған адамнан ұялғанынан отырарсың. Ұйымдастыратын ойындары да тым қарабайыр, дөрекі. Кейде «деңгейіміз неге соншалық төмен» деп ойлап қайтамын.

Жұмахмет Жайлаубаев:

– «Бір тәмпишті сынаймын деп, бүкіл пұшық жау болды» депті бір ағамыз. Біреуін сынаған, біразы жау болып шыға келеді. Бірақ үзіліс кезінде өті жарылып кетсе де айтып жүрмін.

Махат Садық:

– Өлгі асабаны шақырып алып, сыбағасын беру

керек қой, Фейсбукта маскара етем деп. Кейін атын айтпай жазғаныңнан не пайда? Бірден айту керек бетіне. Мен солай жасаймын, қойдырам әуеселесін бірден!

Дариға Нұрашева:

– Ауызына келгенін айтатын дөрекі асабалардың атын атап, түсін түстеу керек. Сонда келесі тойда жауапкершілікті сезінетін болады.

Қалдыбай Дүйсембаев:

– Сол жерде отырғандар тыйып, тоқтатып отыру керек. Ешкім ескертпегесін қайталай береді.

Нағима Барақ:

– Тост арасында үлкендер ескерту жасау керек еді. Иә, күлдірем деп бүлдіріп жүргендер көп.

Қуат Адис:

– Сол жерде арнайы сөз сұрап, ортаға шығып, бетіне айтуыңыз керек еді. Өрбіріміз «той иесінен ұят болар» демей, ондай асабалардың әбес әрекеттері мен ұятқа тиетін сөздерін айтуымыз керек. Сонда тыйылады.

Райхан Имаханбет:

– Әдепсіз асабаға ескерту айтамын деп, құдағиымызды ренжітіп алғаным бар.

Шүкіралла Шерімбетов:

– Осындай асабалардың кесірінен тойдан сән кетті, көңілденіп емес, мұңайып қайтасың.

Жанар Халықбергенова:

– Асабаны таңдағанда тойды қалай жүргізетін, қалай басқаратынын өзінен сұрау керек. Дөрекі сөздер, жаман қылықтар көрсетпе деп ескерткен жөн деп ойлаймын. Өйткені, сіз жалдап отырсыз. Ақшасын төлеп отырсың, айтуға міндеттісің. Жиналған жұртты күлкіге қарқ қыламын деп кейбір асаба ерсі әрекеттер жасайды. Келген меймандар бір асабаның өзінен де үлгі алып кететіндей болып жатса, кәнеки. Тойға жиналған ағайын күйкі тірліктен бір сәт демаламын деп келеді, сондықтан олар шаршамай, риза болып тарауы керек.

Ержеңіс Тастыбай:

– Тойдың көбінен көңілсіз қайтам...

Зәмзагүл Мұқанова:

– Мен қасына барып тұрып, ескерту айтам, айтып қана қоймаймын, микрофонды алып, халыққа да үндеу жасаймын. «Қымбатты ағайын, мына асаба тәртіптен кетіп, аузына ие болмаған жағдайда, ортамыздан, өз асабамызды шығарамыз» деп. Сосын бірден буы бұрқ етіп, тәубесіне түсе қалады. Ал сіз бен біздің үндемей қалғандығымыздан, асабалар есіріп барады. Айтқан анайы сөздерінен құлағың тұнады, ал ойын ойнатқандарын көргенде, жағанды ұстайсың. Сондықтан той иелері бірден келісім жасау керек, орнымен сөйле деп. Көп нәрсе өзімізге де байланысты-ау. «Үндемеген үйдей бөледен құтылар» деп отыра береміз. Жалпы, той жөнінде ойланар мәселе көп.

Олжас Отар:

– Асхат Қылышбек, Болатбек Мейірбекұлы деген мықты асабалар бар. Сөздерінің арасына қыл сымайды!

Бекмырза Сырымбетұлы:

– Мен өзім жасаған тойларда асабаға дөрекі ойындарды ойнатпауын, ерсі қылықтарды көрсетпеуін, әдепсіз әзілдерді айтпауын алдын ала ескертемін. Олай етсең, ақынды қысқартамын деймін. Бәріміз солай етуіміз керек!

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ОРКЕСТРДІҢ ТӨРЕСІ

атанған Бектің домбырасы да
талай сырды шертеді

Қаламыздағы Алатау ауданының төрінде қасиетті ұлттық аспаптарымызды дәріптеп, ұлттық мәдениетімізді ұлықтап жүрген Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы барын бірі білсе, бірі біле бермейді.

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Алматы қаласының 1000 жылдығына орай ашылған бұл орталыққа небәрі 7 жыл толса да, қазақ ән-күй әлеміндегі белгілі өнер тұлғаларының аспап мұраларын сақтап, оларды ұрпаққа насихаттаудан жалыққан емес. Орталықта бірегей құнды жәдігерлер сақтаулы. Өр жәдігердің өткені, тарихы һәм айтары да бар.

Қоңыр үнге елең етер қазақ баласын ой құшағына сүңгітіп, күнделікті күйбеңнен бір сәтке болса да сілкіп алар бір құдірет болса, ол домбыраның шанағында. Талай көрерменіне осындай сәулелі сәттер сыйлаған Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Қошқарбек Тасбергеновтің домбырасы да Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығынан ойып тұрып өз орнын алған. Өнер иесі 2013 жылы өмірден өткен болатын. Марқұмның домбырасын музейге зайыбы Төлеу Тасбергенова әкеліп өткізген екен.

Қошқарбек Тасбергенов Сыр өңірінде дүниеге келген. Әкесі Тасберген өз аймағына белгілі мықты күйші болған екен. Қошқарбектің өнердегі алғашқы ұстазы, демек, әкесі. Анасы Құлпан болса думан-сауықтың ажары болған деседі. Отбасында осындай тәрбиені көрген бала Қошқарбек мектеп қабырғасында жүріп-ақ кішігірім оркестр басқарған. Күйді жан-тәнімен түсініп, жүрегімен түйсінген жас Қошқарбек арман қуып Алматыға келеді.

1972 жылы Қазақтың мемлекеттік Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптар оркестрінің жанынан ашылған 6 айлық стажорлық курсқа түсіп, КСРО Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор, әйгілі дирижер Шамғон Қажығалиевтан дәріс алады. Курсты бітірген соң оркестрге домбырашы болып қабылданады. Онда жұмыс істей жүріп, 1974 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының дайындық курсына түседі.

Консерватория қабырғасында композитор, домбырашы, дирижер



Мәлғаждар Әбубәкіров дәріс береді. Ол 1981 жылы консерваторияны бітірді. 1983 жылы өткен республикалық Құрманғазы атындағы орындаушылар конкурсына қатысып, жеңімпаз атанады. 1992 жылы Халық қаһарманы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, композитор, дирижер Н.Тілендиевтің шақыртуымен фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестріне ауысады. Мұнда да қажырлы еңбегімен өзінің лайықты бағасын алады. Оған 1995 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» деген құрметті атақ беріледі.

Қошқарбек Тасбергенов Н.Тілендиев атындағы фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің бас концертмейстрі болды. Тынымсыз еңбегі нәтиже беріп, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» атанды. Қазақтың болмысымен біте қайнасып кеткен Тасбергенов домбыраны шетел сахналарында шертіп, сырттын жұртын таң-тамаша еткен. Ол Мәскеу, Чехословакия, Швейцария, Швеция, Аустрия, Филиппин аралы, Сингапур, Үндістан, Португалия, Пәкістан, Түркия сияқты басқа да елдерде болып, қазақ өнерін аспандатты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәлдір ЖАНБЫРБАЙҚЫЗЫ, Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының ғылыми қызметкері:

ІЗДЕРІ САЙРАП ЖАТЫР

Қошқарбек Тасбергенов өнер әлемінде, музыканттар арасында, оркестр құрамында, жалпы Алматы қаласында Бек деген атпен танымал болған. Оны Нұрғиса Тілендиев оркестрдің бегі, төресі санаған. «Отырар сазының» «Күй шашу» атты концертінде Н.Тілендиев тұрып: «Мына мен өмірімде Ахансыз (Ахмет Жұбанов) сөйлемейтінмін, дирижерлік етпейтінмін. Аханның арқасында өнеріміз дамыды. Ахан өмірімде қадірлейтін адамым, менің өмірімде бағынатын пайғамбарым. Көптеген таланттар дүниеге келді. Ахан болмаса, ана тұрған Қаршыға, мына тұрған Бек туа ма?! Құрманғазы, «Отырар сазы» туар ма еді? Қолымдағы домбыраны 1937 жылы маған Ахмет Жұбановтың өзі сыйлаған. Енді осы домбырамен баяғы «Әлкисаны» тартып берейін. «Әлкиса», орындайтын Нұрғиса» деп, күйді күмбірлете жөнелген еді. Сонда Бек оркестр құрамында бірінші домбырада ойнап «Әлкисаның» ірімдерін бір қайырып, оны Нұрғиса жалғап кетіп, одан екеуі қосыла кетіп, сосын оркестр қостай кеткенде «Әлкиса» күйінің шежіресі шертпегендей, сазды ұн санамызға құйылғандай болғаны рас. Қошқарбек Тасбергенов жайында әлі талай айтылары да, жазылары да сөзсіз. Қазақтың күй өнерін жалғайтын осындай дарындардың ізін басар, қадамын жалғар өнерпаздар көп болса екен.

Нұр ЖАМАЛ.



СУ САЙЫСЫ

ЕШКІМГЕ
ДЕС БЕРМЕДІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Елдар Шекербек Астананың 25 жылдығына орай, Қапшағай су қоймасының акваториясында өткен халықаралық «Oceanman Kazakhstan–2023» ашық суда жүзу жарысында жеңімпаз атанды.

Чемпионатқа әлемнің 20 елінен 7 жастан 70 жасқа дейінгі және одан жоғары сегіз санаттағы жүзуші спортшылар қатысты. Елдар Шекербек жүзу шеберлігін көрсеткен Италия, АҚШ, Катар, Испания, Германия, Грузиядан келген көптеген спортшымен таныс. «Oceanman Kazakhstan–2023» жарысында әйелдер мен ерлер арасындағы қазақстандық спортшылар үздік нәтижелер көрсетті және жыл соңында Тайландта өтетін финалға қатысады. Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылы Елдар Шекербек Тайландта өткен «Oceanman–2022» халықаралық байқауында 1-орынға ие болып, Азия чемпионы атанған еді. Әлемнің 36 елінен келген 1200 спортшының ішінде ол 1 сағат 10 минутта ашық теңізде бес шақырым жүзіп, ең жақсы нәтижеге қол жеткізді. Биылғы жарыста спортшылар 800 метр, 1,5 км, 5 км және 10 км қашықтықты еңсерді.

«Oceanman» халықаралық жүзу жарыстары теңізде немесе ашық су айдындарында өткізіледі және салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар арасында жыл сайын танымал болып келеді. Oceanman – бұл бірнеше рет өткізілетін біріккен чемпионат жарыстары және жыл сайын әлемнің әртүрлі жерлерінде ұйымдастырылады. Біліктілік жүйесінің ережелеріне сәйкес, әр кезеңнен алғашқы 10 әйел мен 10 ер адам автоматты түрде финалға өтеді. Елдар Шекербекті тағы бір жеңісімен құттықтаймыз!

ВЕЛОСПОРТ

ВЕЛОШАБАНДОЗДАР
үздіктер қатарына енбей тұр

«Тур де Франстың» 110-шы нұсқасы қазақстандық жанкүйерлерге жарқын эмоциялар сыйлай алмады. Жеңіссіз серия осымен үш жылға созылды. Былайша айтқанда, бақ та, бап та шаппай келеді.



тан кетуге мәжбүр болды.

Пиреней тауларында Джонас Вингегаард пен Тадеж Погакар өз-өзін көрсете бастады. Жетінші кезеңде Марк Кавендиш Тур де Франстағы 35-ші жеңісіне жетпей тоқтады. Ол соңғы турда төрт жеңіске жеткен Джеспер Филипсенге ғана есе жіберді. Марк

Кавендиш келесі күні құлап, ауруханаға жіберілді. Осыған байланысты кезеңдерде «Астана велоқұрамасының» жеңіске деген барлық жоспарлары жойылып, команда тактикасын өзгертуге мәжбүр болды. Қалған шабандоздарға барын салып, олар көптен күткен кезеңге өту үшін әртүрлі секірулерге өтіп кетуге тырысты. Демалыс күніне дейін Алексей Луценко ең белсенділік танытқан шабандоз болды.

Қазақстан құрамасы жалпы есепте жоғары орындарды иемденіп, әр кезеңдерде жеңіске жететін айтарлықтай мықты құрама құрған еді. Ал ашылу аптасында аяқ алысы жақсы жүріп жатты. Алғашқы екі испандық жарыс басталған кезеңде команда жеңіс үшін күрескен жоқ. Бірақ үшінші спринт сегментінде Марк Кавендиш өзін көрсетіп, үздік ондыққа енді. Келесі күні ол үздік бестікке енді. Өкінішке қарай, сол күні «Астана велоқұрамасы» алғашқыда жеңіліске ұшырады. Осылайша Луис Леон Санчес тосқауылға түсіп, жарыс-

Кавендиш болмаған кезде басты спринтер рөлі әлемнің үздік финишшілерімен күресуге

тырысқан Кесу Болуға ауысты. 12-ші кезеңде команда Давид Де Ла Крустан жарақатына байланысты жеңіліп қалды. Таулы кезеңдерде біздікілер жеңіс үшін күрескен жоқ.

Жалғыз биіктікте соңғы демалыс күнінен кейін Луценко төрт минутқа жуық уақыт жоғалтты. Йонас Вингегаард керісінше бағдарламаның осы түрінің барлық шеберлерін ұтып, өз басымдылығын нығайта түсті. Келесі күні таулы кезеңде жалпы есепте күресте интрига өлді. Тадей Погакар құлады, ал Вингегор оған төрт минуттан астам уақытқа озып келді. Ал жалпы есепте жеті жарым минут болды. Бұл іс жүзінде өтелмейді. Қалған екі тегіс кезеңде Кесу Болу спринтте өзін сәтсіз сынап көрді. 20 кезеңінде шешуші тау жолында Тежада мен Луценко тоғыз минуттан астам уақыт ұтылды.

Осылайша Йонас Вингегаард екінші жыл қатарынан Турдың үздіктері атанды. Гарольд Тежада мәреге 34-ші (+2:27:46) келді. Спринтерлік жарыс кестесі Джеспер Филипсенге (377) бұйырды. Алексей Луценко 44-ші (45) болды. Джулио Цикконе (106) тау королінің әйгілі жейдесін алды. Луценко 31 ұпаймен 21-ші орынға тұрақтады. Жастар санатындағы үздіктеріміз Евгений Федоров болды – 27 (+5:49:08). Үздік – Тадей Погакар. Ал командалық есепте «Астана» 18-ші (+7:15:34) орынға табан тіреді. Жеңімпаз – Джумбо-Висма.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ЖАРЫСҚА АТТАНАДЫ

Венгрияның астанасы Будапештте өтетін Әлем чемпионатына Қазақстанның атынан 8 жеңіл атлет қатысады

Мадиярлар елінде өтетін әлем чемпионатына қатысуға жеңіл атлетикадан Қазақстан командасының құрамы белгілі болды.

Тізімге еліміздің түкпір-түкпірінен ең мықтылар жиналды.

ОЛАР:

1. Каролин Чепкоеч Кипкируи – 5000 және 10000 метрге жүгіруде;

2. Дэйзи Джепкемей – 3000 метр кедергілермен;
3. Надежда Дубовицкая – биіктікке секіруден;
4. Кристина Овчинникова – биіктікке секіруден;
5. Елизавета Матвеева – биіктікке секіруден;
6. Жанна Мамажанова – марафон;
7. Галина Якушева – спорттық жүрістен (35 шақырым);
8. Давид Ефремов – барьерлері бар 110 метр.

Әлем чемпионаты 19–27 тамыз аралығында өтеді. Осыған дейін жеңіл атлетикадан құр алақан болған емеспіз. Десе де, ғаламды таңдандыратын нәтижеге қол жетпей келеді. Бұл жолғы спортшыларға артылар жүк ауыр. Сондықтан бар ептілікті салып, қолдан келген әдіс-тәсілдің бәрін ортаға салу қажет болып тұр.

ТЕННИС

ЕКІНШІ АЙНАЛЫМҒА ӨТТІ

Қазақстандық үш теннисші Астанада өтіп жатқан Президент кубогы үшін челленджер турнирінің екінші айналымына шықты

Қазақстан теннис федерациясы мәліметінше, Дмитрий Попко Президент кубогындағы алғашқы кездесуін өткізді.

Ол түркиялық Корай Кирчиді 6:4, 4:6, 6:1 есебімен тізе бүктірді.

Попко ширек финалға шығу үшін өзбекстандық Хумаюн Сұлтановпен таласады.

Президент кубогының өткен жылғы финалисі Денис Евсеев жаңазеландиялық Аджит Раиды ұтты – 6:4, 6:1. Оның келесі қарсыласы – Израиль өкілі Орель Кимхи.



Тағы бір қазақстандық, 19 жастағы Ислам Орынбасар әлемнің 616-ракеткасы, үндістандық Прджавал Девті ұтты – 6:4, 1:6, 6:3. Теннисшілер кортта екі сағаттан астам уақыт бойы ойнады.

Ислам жарыстың 2-ракеткасы, жаңазеландиялық Бенджамин Локпен шеберлік байқасады.

САДАҚ АТУ

ЕЛ ҚҰРАМАСЫ
ҮЗДІК БЕСТІКТЕ

Оңтүстік Кореяның Чханвон қаласында нысана көздеуден жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты аяқталды. Біздің мергендер жалпы есепте алдыңғы бестікте ілінді.

24.kz мәліметі бойынша, ұлттық құрама қоржынында 10 медаль бар. Оның 4-еуі алтын. Әсіресе, жарыстың соңғы күні қазақ қыздары командалық сында топ жарды.

Нақтырақ Фатима Ирнарзавра, Зухра Ирнарзавра және Александра Садуақасова үштігі ауыспалы ритмдегі жылжымалы нысана көздеуде ең үздік нәтижені тіркеді. Айта кету керек, осы қыздар командалық сында екінші рет чемпион атанып, Әнұранымызды шырақтатты. Артынша жекелей сында Фатима Ирнарзавра алтын, ал Зухра Ирнарзавра қола жүлдеге қол созды.

Қазақстанның ерлер құрамасы Украина мен Финляндиядан кейін 3-ші сатыға тұрақтады. Бұл сында ел намысын Асадбек Назырқұлов, Илья Зотеев және Даниил Яковенко қорғаған болатын. Байрақты бәсекеге бас-аяғы 12 спортшымыз қатысты. Ал жалпы алар болсақ, әлем чемпионатында 45 елдің 600-ден астам сұрмергені бағын сынады.

Әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

БАС РЕДАКТОР
БОЛҒАН ТӨРАҒА

Жан алып, жан беріскен майдан даласынан блиндажға келген ол бір сәт мызғып алудың орнына хат жазуға кірісті. Тақырыбы – Туған тілдің, мемлекеттік тілдің тағдыры. От пен оқтың, өмір мен өлімнің ортасында жүріп тілдің жайын ойлау деген кімнің ойына келіпті. Өйтпесе, ол Бауыржан бола ма? Хат жолдап отырған адамы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалықов. Сол Әбдіхалықов 34 жасында Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы болып, шаһарды бір-ақ жыл басқарды және ұзақ жыл басқарғандай ел есінде қалды. Өйткені, ол сол кездің өзінде шенеуніктің шеңберіне сыймай, ұлтқа қызмет етуде талай биікті бағындырып, қиын жағдаймен бетбе-бет келген тұлға.

Мұндай кадрлар ол кезде қай жерде де, әсіресе, аса жауапты орындарға жоғарылап кететін. Аса зиялы, оқымысты Мұқаңның 35 жасында Орталық Комитеттің хатшысы болатыны содан. Елді зиялы басқарса, ұлт мәдениетінің бағы жанғаны. Оның үстіне, бұл кісі ұлт ұлылары А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, С.Асфендияровтан дәріс алған шәкірт. Ал мұндай адамның ұлтшыл, мемлекетшіл болмауы мүмкін де емес қой. Осы бертінде ғана жүзге толып, 2006 жылы өмірден озған ақсақал «Алматы ақшамының» тілшісіне аса құнды деректер мен дәйектерге негізделген сұхбат беріп еді. Соның бір сәтінен үздік келтіресек.

«...Ахмет Байтұрсынов бізге «Мәдениет тарихынан» дәріс оқыды. Сонымен қатар, Халел Досмұхамедов «Анатомия-физиологиядан» сабақ берді. Ал Әлімхан Ермеков математикадан оқытты. Бұлар заманында тіл жағынан орыстардың өзін жолда қалдыратын. Осы ретте мен өзім көрген бір жағдайды айтайын. Институтта оқып жүрген кезім. Бізге Мәскеуден лекция оқуға орыстың Патов деген үлкен бір профессоры келді. Өзі Маяковскийдің досы екен. Өте білімді адам. «Адам мәдениеті» деген тақырыпта лекция оқыды. Барлық профессорлар қатысты. Ахаң да болды. Ол кісі сөйлеп болған соң ұлықсат сұрап ортаға Ахмет Байтұрсынұлы шықты. Баяндамасын әлгі орыстың оқымыстысынан әлдеқайда артық жасады. Ахаң сөзін тәмамдағаннан кейін жаңағы орыс профессоры оның жанына жақын барып, қолын алып, «Мен көп нәрсені білмейді екенмін. Сіздің алдыңызда сөйлегеніме кешірім өтінемін» деп құшағына қысты. Ахандар қара сөздің шешені еді ғой. Ол кісілер дәріс бергенде мақал-мәтел, сирек кездесетін сөздер қолдана жазып алатынбыз. Содан соң бір жерлерде сөйлегенде сол сөздерді кәдеге жаратасын».

Ал мұндай адамның ел басқару ісіне келгенде ұлтшыл болмауға қайдан хақысы болмасын.

Мұхамеджан Әбдіхалықовтың Алматы басшылығындағы қызметі Ұлы Отан соғысының басталуымен тұспа-тұс келді. Соғыс басталғанда Совнаркомда орынбасар болып жүрген оны мол тәжірибесі, зор ұйымдастырушылық қабілеті ескеріліп, Алматыны басқаруға жіберді.

Қалыптасқан төтенше жағдайға орай қалаға қоныстанушылар саны көбейді. Оларды тасымалдау үшін шаһарда қоғамдық көлік мәселесін тез арада шешу керек болды. Осы кезде шаһар басшысының тығырықтан шығу үшін бар болғаны екі-үш айдың ішінде қала орталығынан 1-Алматы вокзалына дейін жүретін трамвайды іске қосуы ерлікпен бара бар еді. Оның үстіне майданға үздіксіз азық-түлік жөнелту тағы бар. Көшіп-қону да жуық арада тоқтамады. Ресейдің ірі қалаларынан жұмысшылар, интеллигенция өкілдері тоқтаусыз ағылып жатты. Сол күндерде «Степа ағайын» авторы, атақты Сергей Михалков та Алматыға қоныс аударды. Ол бала-шағасымен Мұқаңның үйінде тұрды.

Әр басшының өз ерекшелігі, қолтаңбасы болады. Бұл кісі әр саладағы зиялы қауым өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Тарихты, әдебиетті өте жақсы білді. Оның бір дәлелі – 1943 жылы М.Әбдіхалықов пен А.Панкратованың редакторлығымен «Қазақ ССР тарихы» кітабы жарыққа шықты. Бұл кітаптың соңы дауға айналып, оны шығарушылардың соңына шырақ алып түсті. Әрине, ең басты тартыс әйгілі тарихшы «Ермұхан Бекмаханов ісіне» байланысты болды. Кітаптың екінші басылымында Кенесары жөніндегі мақала басылған. Ермаханов партиядан шығарылып, қуғынға түседі. Осы тұста кітап редакторларының бірі М.Әбдіхалықов өз ұстанымынан айнамай, Ермұхандай есіл ерге араша түседі. Сонымен қатар, бұл кісі Мұхтар Әуезовпен де жоғары сыйластықта болып, отбасымен араласқан. Әсіресе, «Абай жолына» қолтаңба беруі бір керім әңгіме. Ол зор қабілетінің арқасында өзінің жан-жақтылығымен де көзге түсті. Соның ішінде қаламгерлігі де атап айтарлықтай еді. Бір жыл «Қазақстан большевигі» (қазіргі «Ақиқат») журналында бас редактор болды.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ӨМІРІ ӨНЕГЕ



АСАН ҚАЙҒЫ – қазақтың ақын-жырауы, философы. Ол XIV ғасырдың екінші жартысында Еділ бойында өмір сүрген. Жәнібек ханның кеңесшісі болған. Асанның шын есімі – Хасан Сәбитұлы.

Ол жүз жылдан астам өмір сүрген. Қартайған шағында, 1450 жылдарда Әбілхайыр ұлысындағы тартыс кезінде Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. 1456 жылы Шу алқабында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан жаңа хандықтың ұраншысына айналады.

Асан Қайғыны ел-жұрт қарапайым бұқараның арман-мұраттарын тамаша суреттей алғандығы үшін де құрметтеген.



СҮЛТАН БЕЙБАРЫС қарапайымдылығымен және діндарлығымен елге танымал болған. Кедей-кепшіктерге әрдайым көңіл бөліп, көмектесіп, жетімдерді желеп-жебеп, қолтығының астына алып отырған. Билік тізгінін мықтап қолға алған Бейбарыс әр қаланы күшейтіп, әрбір қалада тұрақты әскер ұстады. Барлық өзенге көпір салдыртқан. Сол дәуірдің озық үлгісімен көптеген зәулім ғимараттар, көрнекті мешіттер, биік қорғандар мен қамалдар тұрғызған. Олардың бірқатары сақталған. Оның тұсында барлық көршілес ел мәмлүктер мемлекетімен санасатын болған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КЕЗДЕСУ

Алматыға Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясы Фольклор институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты Гумру Шәхриар арнайы ғылыми іссапармен келді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Арнайы ғылыми мақсатпен ол М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы Қолжазбашы және текстология ғылыми-инновациялық орталығында болып, оның қызметкерлерімен бірге екі бағытта ғылыми семинар және «Дөңгелек үстел» өткізді.

Гумру Шәхриар – түркі халықтарының эпикалық байланыстарын зерттеумен айналысып жүрген ғалым. Ол «Едіге» жырының ұлттық нұсқаларының ерекшеліктері жөнінде кандидаттық диссертация қорғаған. Сол жұмысының нәтижесінде жарияланған «Едігей хақында Алтын Орда дастаны» атты ғылыми жинаққа түркі тектес 15 ұлттың жадында сақталған «Едігей» жырының 47 нұсқасының Г.Шәхриар жасаған әзербайжан тіліне аудармалары енген. Қазіргі уақытта зерттеуші түркі халықтарының Қырымның қырық батыры эпикалық циклы жөніндегі докторлық диссертациясын жазумен айналысуда.

Алғашқы семинардың тақырыбы «Едіге батыр» жыры түркі халықтарының ортақ мұрасы» деп аталды. Аталған ғылыми іс-шара барысында институттың қолжазба орталығында сақталған ноғайлы жырларының, оның ішінде Едігеге қатысты туындылардың қолжазбалары, олардың жиналу, зерттелу, жариялану тарихы, институт қызметкерлерінің күшімен дайындалған «Бабалар сөзі», «Дала фольклорының антологиясы» және т.с.с. ғылыми жинақтар мен ғылыми монографиялар, ғылыми сипаттамалар

ҒЫЛЫМИ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
АРТАДЫ

туралы қонаққа мағлұмат берілді.

Кейінгі «Дөңгелек үстелдің» тақырыбы – «Қырымның қырық батыры» эпикалық циклы – ноғайлы руханиятының жауһары». Бұл іс-шара барысында зерттеуші ғалым өзін «Қырымның қырық батыры» тұрақты сөз тіркесінің этимологиясы жөнінде қазақ ғалымдарының ой-пікірлері, Қырымның қырық батыры деген тізімге қандай батырлар туралы эпикалық туындылар енетіні, Мұрын жыраудан жазылып алынған «Қырымның қырық батыры» эпикалық циклының өзіндік ерекшеліктері қызықтыратынын айтты. Осы және өзге де мәселелер жөніндегі өздерінің ой қорытындыларын филология ғылымының кандидаттары – С.Сәкен, П.Әуесбаева және өзге де ғылыми қызметкерлер ортаға салды.

Сонымен, үш бірдей тақырыпты қарастырған, яғни 2022–2024 жылдарға арналған «Түркі халықтары қаһармандық эпосының салыстырмалы типологиясы», «Алтын Орда дәуірі және

қазақ фольклоры» атты ғылыми жобалардың және іргелі ғылыми зерттеулерге арналған «Ноғайлы жырлары мен аңыздарын зерттеудің өзекті мәселелері» атты тақырыптар бойынша жасалған баяндамалар мен қызу пікірталастар кездесудің қызықты әрі өте қажетті болғанын дәлелдей түсті.

Жиын соңында әзербайжандық ғалым өзінің зерттеу тақырыбы аясында дайындаған кітаптарын институттың қорына тарту етті. Институт тарапынан Г.Шәхриар ханымға да өзінің зерттеу тақырыбы аясында жарияланған жинақтар сыйға берілді.

– Ғылыми ынтымақтастық артқаны қуантады. Бауырлас әзербайжан халқымен ынтымақтастық арта түскенін қалаймыз. Қанша дегенмен түбі бір түркі халқы болып есептелеміз. Ғалымдар байланысы нығайса, екі бауырлас елге де құт болады, – деді филология ғылымының кандидаты Пәкизат Әуесбаева.



БӘРЕКЕЛДІ!

«БАҚЫТ» САРАЙЫНДАҒЫ

Мегаполис төрінде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық

Қоғам назарын отбасы құндылықтарын сақтауға аудару әрі оны дәріптеу мақсатында елімізде жыл сайын өткізілетін республикалық «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңі өз мәресіне жетті.

Аталған конкурстың аудандық кезеңдерінен озып шыққан 8 жеңімпаз отбасы «Бақыт» сарайында салтанатты марапаттау рәсіміне қатысып, құшақтары гүлге, жүздері нұрға толып, естелік сыйлықтар иеленді.

**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы, ең алдымен, адамгершілік мұраттарды, ұлттық құндылықтарды насихаттауға, отбасы мен ата-ана мәртебесін көтеруге, ерлі-зайыптың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, отбасының жағымды имиджін қалыптастыруға және кеңінен насихаттауға бағытталған.

– Алматы қаласында дәстүрлі «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына өтінімдер мамыр–шілде аралығында қабылданды. Шілденің 1–10 аралығында аудандық комиссия құрамы өтінімдерді қарап, үздік шыққан екі отбасыны қалалық комиссияның қарауына жіберді. 14 шілдеде ұлттық байқаудың қала бойынша жеңімпаздарды анықтау жөніндегі комиссиясының отырысы өтті. Конкурста қаланың 200-ден аса отбасы қатысуға ниет білдірген. Комиссия қалалық кезеңге аудандардан 8 отбасын және олардың арасынан бір отбасын Алматы қаласы атынан республикалық сайысқа қатысуға таңдады. Осы мерейлі мерекеге қатысқан отбасылардың бәрі өмірін ұлағатты ұрпақты тәрбиелеуге, отбасы институтын нығайтуға арнап келеді. Әр отбасы өз шежіресін дайындап, бейнебаянда тарихын, жетістігін баяндап берді. Біз лайықты отбасыларды таңдадық деп ойлаймын, – дейді осы сән-салтанатты Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен ұйымдастырған халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қорының президенті Жаңыл Әпетова.

Иә, «Бақыт» сарайы бұл күні жүзі бал-бұл жанған жандарға, балалардың шат-шадыман күлкісіне, жарыққа, мерейлі сәттерге, қызыл-жасылды шарларға, гүлге, ән-жырға толып тұрды. Отбасын дәріптеген жаксы бір кеш болды бұл. Жеңімпаздарды құттықтауға ортаға шыққан Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Ренат Оралұлы мегаполис аудандарынан «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсында озық шыққан сегіз отбасына 300 мың теңгенің сертификаты мен арнайы диплом табыс етті.

Ал ұлттық байқаудың республикалық кезеңіне жолдама алған жеңімпаз Сыбан-



бековтер отбасына 700 мың теңгенің сертификатын Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Алматы қаласының Құрметті азаматы Аягүл Миразова табыс етті.

Астанаға жолдама ұтып алған Сыбанбековтер отбасы Алмалы ауданында тұра-

ды. Отағасы Болат Қуанышбекұлы мен жары Сана Шайханқызы көпбалалы, кәсіпкерлер отбасы. Әділ, Анель, Азат, Закари есімді төрт баласы бар. Отбасылық кәсіптерінің атауын балаларының есімінің алғашқы әріптерінен құрап, «ADANAZ» деп атаған. «ADANAZ» компаниясы қағаз қаптама шығарады. Сыбанбековтердің ата-әжесі де елге еңбегі сіңген жандар. Атасы

Кемеш Мұратұлы Ауған соғысының ардагері, әжесі Қалымқан Бекқызы – биолог, №81 және 167 мектептердің директоры болған.

Балалары әртүрлі спорттық, зияткерлік сайыстарға, олимпиадаларға қатысып, жүлдегер атанып жүр. Сыбанбековтер отбасы салауатты өмір салтын ұстанып, жыл сайын қалалық велосипед жарыстары мен марафондарға қатысады. Кәсіпкер отбасы «Мектепке жол» акциясы аясында жылда 300-ден астам балаға мектеп формасын, керекті құрал-жабдықтар сыйлайды. Тігінге жақын қыз-келіншектерге өзінің цехындағы тігін машиналарын тегін қолдануға және кәсіп менгеруге жағдай жасап отыр. Коронавирус пандемиясы кезінде сындарлы сәттерде еріктілер қатарынан табылып, қиналған жандарға жеке көліктерімен дәрі-дәрмек пен азық-түлік жеткізген. Қостанай облысындағы өрттің салдарынан зардап шеккен отандастарымызға алғашқы қажеттіліктерін дер кезінде жөнелтіп отырған.

Биыл республикалық «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына 10 жыл толып отыр. Айтулы жыл. Сондықтан болар, биылғы марапаттау салтанаты шаһар төрінде ерекше сәнмен атап өтілді. Елорда төрінде де мерейіміздің таситыны сөзсіз.

Отбасы – шағын мемлекет. Ендеше, бақыты, мерейі тасыған отбасының үйлесімді тірегінің басты құрамдас бөлігі боларына сенім мол. Қуаныш иелеріне еліміздің белгілі эстрада жұлдыздары ән-жырдан шашу шашты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аягүл МИРАЗОВА, Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері:

«ҰЛЫҒ ӨССЕ – ҰЛЫ ЖАҚСЫМЕН КӨРШІ БОЛ»

Осынау салтанаты жарасқан әсем сарайда балдырғандардың шат күлкісін, үлкендердің қуанышты жүзін көріп, өзім де қуанып тұрмын. Мұнда алдыңғы буын ардагерлер де, жастар да көптеп жиналыпты. Міне, бұл ұрпақ сабақтастығы. «Ұлығ өссе – ұлы жақсымен, қызың өссе – қызы жақсымен көрші бол» деген сөз бар, бұл сөздің мағынасы өте терең. Біз отбасы құндылығын талмай насихаттай беруіміз керек. Дәл қазіргідей уақытта білім беруді, тәлім-тәрбиені, отбасыны дәріптеуді күшейте түсуіміз қажет. Бүгінгі жеңімпаз болған отбасыларды жергілікті телеарнаға шақырып, үлкенінің ұлағатын тыңдап, кішісінің жақсы ісін насихаттап, дәріптесек, қаншама шаңыраққа үлгі болар еді деп ойлаймын. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан барлық жеңімпазды шын жүрегіммен, аналық жүрегіммен құттықтаймын.

Ардақ СЫДЫҚ, «Мерейлі отбасының» Наурызбай ауданы бойынша жеңімпаз болған шаңырақ иесі:

МЕРЕЙІМІЗ АСЫП-ТАСЫҒАН КҮН

«Мерейлі отбасы» байқауын жыл сайын өткізу жақсы дәстүрге айналып келе жатқаны қуантады мені. Бүгінгі мерейіміз тасыған күнді әсерлі өткізіп, әдемі көңіл күй сыйлаған ұйымдастырушыларға рахмет айтқым келеді. Береке-бірлігі жарасып, саналы ұрпақ тәрбиелеп, ел демографиясына үлес қосып отырған отбасыларды дәріптеу керек, өзгелерге үлгі ету керек. Отбасы тәрбиесі өте маңызды мәселе. Ұлы Отан соғысынан оралған әкем мен анам сегіз баласына лайықты тәрбие берді. Ұрпақ сабақтастығын жалғап, біз де балаларымызды елге қызмет ететін абыройлы азамат етіп тәрбиелеуге күш салып келеміз.

НЕ?**ҚАЙДА?****ҚАШАН?**

«ҚАРАГӨЗ»

Өтетін орны:
Ғ.Мүсірепов атындағы
Қазақ мемлекеттік
академиялық балалар
мен жасөспірімдер
театры (Абылай хан
даңғылы, 38-үй).
Күні мен уақыты:
28 шілде, сағат 18.30.
Жас санаты: 16+.




«АРМАНҒА АПАРАР ЖОЛДА»

Өтетін орны:
«Жас сахна» театры
(Абай даңғылы, 117-үй).
Күні мен уақыты:
29 шілде, сағат 11.00.
Жас санаты: 14+.



«ТҰМАНДА АДАСҚАН КІРПІ»

Өтетін орны:
«Керемет»
отбасылық театр
орталығы
(«Керемет» ТК, 7-үй,
40-пәтер).
Күні мен уақыты:
29 шілде, сағат 16.00.
Жас санаты: 4+.





БАҚЫТТЫ СӘТТЕР

жеңімпаздары марапатталды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖЕҢІМПАЗДАР

МІНЕ, БІЗ ҚАНДАЙМЫЗ!

Байқауға қатысқан 232 отбасының арасынан озып шыққандар туралы бірер сөз

Жетісу ауданынан – Таңатовтар отбасы. Отағасы Тұрсын Таңатұлы республика көлемінде танымал ұстаз, әдістемелік құралдардың авторы, мектеп директоры. Жары Шолпан Дүйсенбайқызы да мұғалім, үлгілі ана. «Өнерлі ана» байқауында II орынды иеленген. Төрт баланың ата-анасы. Балалары үнемі аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық байқаулардан жүлделі орындарды иеленіп, спорт, өнер, білім саласы бойынша биіктерді бағындырып келеді.

Медеу ауданынан – Иващенко отбасы. Олар спортқа өте жақын, интернационалды отбасы. Григорий Викторович газ саласының маманы. «BR Construction company» жобалау-құрылыс компаниясының құрылтайшысы. Жәмилә Илиясызы – мұғалім. Ұл-қыздары каратэмен, футболмен, көркем гимнастикамен айналысады. Григорий Викторович балаларын қазірден жұмыс орнына апарып, қызметімен таныстырып, табысты болуды үйретіп жүр.

Әуезов ауданынан – Нұрбековтер отбасы. Алмас Сәрсенбайұлы – жүргізуші, жары Жәмилә Сапарбайқызы – «Assyl Muga Almaty» қоғамдық қорының директоры. Алты баласы бар. Шетінен өнерлі. Ұй шаруасына барлығы бірдей қатысады, әрқайсысының атқаратын өз қызметі мен міндеті бар. Бір-біріне деген бауырмалдығын нығайту үшін әке-шешесі олармен аулада жиі топтық ойындар ойнайды.

Түрксіб ауданынан – Жүнісовтер отбасы. Болатбек Назымбекұлы мен жары Зухра Абунасырқызы ішкі істер саласында еңбек еткен зейнеткерлер. Алты баланы дүниеге әкелген көпбалалы отбасы. Әкесі мен анасының қызмет жолын

қазір балалары жалғастырып жүр. Бәрі де жоғары білімді. Бәрінің де еселі еңбегі еленіп, өз орталарында жоғары бағаларын алып жүрген абыройлы азаматтар.

Бостандық ауданынан – Мұқановтар отбасы. Дәрігерлер әулеті. Дәрігерлік жол Мұқановтарға атадан балаға мирас болып келе жатқан мамандық. Марқұм Өмірбек Мұқанов ұзақ жыл бойы салауатты белсенді өмір салтын ұстанған. Ол сексен жасқа дейін жүгірумен, шаңғымен сырғанаумен және коньки тебумен айналысқан. Үлкен атасынан берілген дәрігерлік жолды қазір Мұқановтардың үшінші ұрпағы – немерелері жалғастыруда.

Алатау ауданынан – Салахуновтар отбасы. Олар спортқа жақын, салауатты өмір салтын ұстанады. Отағасы Барат Розахунұлы волейболдан жеке бапкер. Республика деңгейіндегі «Жетісу» волейбол командасында ұзақ жылдар үздік шабуылшы болды. Жұбайы Әбзелхан Ажимолдаева Алатау аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында және «Алматы Арена» спорт кешенінде бапкер. Балалары мен немерелері де тегіс спортпен айналысады.

Наурызбай ауданынан – Сыдықовтар отбасы. Сыдықов Ардақтың әкесі Мауытхан Ұлы Отан соғысының ардагері болған, ҚазССР Қаржы министрлігінде қызмет еткен. Қазіргі күні Мауытханның 8 баласынан 15 немересі, 25 шөбересі өсіп жатыр. Сыдықов Ардақ Алматы облыстық мәслихаты хатшысы қызметін 10 жыл бойы атқарып, 2012 жылдан «Ардагерлер» ұйымын басқарған. Жұбайы Кенжегүл Сүлейменқызымен 51 жыл бойы тату-тәтті өмір сүріп, қазір 3 бала, 8 немере сүйіп отыр.

МӘДЕНИЕТ МЕРИДИАНЫ



СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ТУРАЛЫ ФИЛЬМ ТҮСІРІЛЕДІ

Келер жылы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толады. Осыған орай фильм түсіру жоспарланып отыр. Бұл туралы ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов Telegram-парақшасында жазды.

Министрдің жазуынша, ол арнайы ашылған орталықта азаматтарды қабылдаған. «Келесі жылы Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығын мерекелеу тақырыбы талқыланды. Актер және жазушы Қанат Жүнісов көрнекті жазушы және қоғам қайраткеріне арналған фильмнің сценарийін мен операсын ұсынды. Ұсыныс қызық. Әсіресе, опералық қойылым. Біз отандық авторлардан спектакльдер санын көбейтуге бағыт алдық, сондықтан бұл мәселе мұқият зерттеледі. 2030 жылға қарай қазақстандық авторлардың қойылымдарының санын 600-ге дейін арттыруды жоспарлап отырмыз», – деді Асхат Оралов.

Министр қабылдау кезінде фильм түсіру және ерекше қажеттіліктері бар артистерге арналған концерттік алаңдарды ұсыну үшін қолданылатын ретро техниканы сақтау мәселелері көтерілгенін атап өтті.

«Мен жауапты комитетке осы ұсыныстарды егжей-тегжейлі қарастыруды тапсырдым. Сондай-ақ, қабылдауда әнші Алтыншаш Мұқатаева болды. Ол біздің министрліктің қолдауымен шығармашылық жолын жалғастыруға ниет білдірді. Біз әрқашан ерекше қажеттіліктері бар артистердің және инклюзивті шығармашылық ұжымдардың өнерін қолдаймыз. Мұндай кездесулер мұнымен тоқтамайды. Бұдан бөлек, өңірлерді аралап, тұрғындармен есептік кездесулер өткізуді жалғастырамын», – деді министр.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВКЕ АРНАЛҒАН МОНЕТА АЙНАЛЫМҒА ШЫҚТЫ

Қазақстан Ұлттық Банкі Темірбек Жүргеновке арналған жаңа монетаны, нақтырақ айтсақ, «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан TEMIRBEK JURGENOV.125 JYL коллекциялық монеталарын айналымға шығарды.



Қазақстанның мәдениет және өнер қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай шығарылған монеталар 26 шілдеден бастап ҚҰБ-тың интернет дүкені арқылы сатыла бастады. Т.Жүргенов – Қазақстанның тұңғыш ағарту министрі. Оның атсалысуымен 1934 жылы Қазақстанда бүкіл Орталық Азия мен Қазақстанның алты ірі жоғары оқу орнының құрылысы бір мезетте басталды.

Монета МН 25 мельхиор қоспасынан дайындалған. Массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, дайындау сапасы brilliant uncirculated, номиналы 100 теңгелік, таралымы – 10 000 дана.

Коллекциялық монеталарды аудару, ұсақтау және айырбастауға болады. Олар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«77-ШІ АЯЛДАМА»

Өтетін орны: Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры (Абылай хан даңғылы, 38-үй).
Күні мен уақыты: 29 шілде, сағат 17.00.
Жас санаты: 12+.



«ӘЛЕМНІҢ ЕҢ СЫРЛЫ КАРТИНАЛАРЫ»

Өтетін орны: Vekarta галереясы (Сәтбаев, 30/5, 5-корпус).
Күні мен уақыты: 30 шілде, сағат 11.00.
Жас санаты: 12+.



«БОЛАТТЫ КЕСКІНДЕМЕ»

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі.
Күні мен уақыты: дүйсенбіден басқа күндері, сағат 10.00–18.00.
Жас шектеуі жоқ.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

ДҮЙСЕНБІ
31 ШІЛДЕ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
6.45 Мультфильмы
7.45 Жаңалықтар/Новости
8.00 Таңғы студия (каз)
9.00 Мультфильмы
11.20 Мультфильм. «Тапқыр баланың хикаялары»
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Жаңа маусым!
Алматы – ән қанатында
16.00 Женский кино клуб
18.00 Мужской кино клуб
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
21.00 Телехикая
22.00 Мужской кино клуб
0.00 Телехикая
1.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
2.00 Шешімі бар
2.45 Өмір иірімі
3.25 Дала сазы
3.50 Алматы – тұнған тарих
4.15 Алматинские истории
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Өмір көркем»
7.00 «Күй-керуен»
7.35 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8.15 «Алдар Көсенің көңілді оқиғалары». Мультфильм (Қазақстан, 2011 ж.)
9.00 «Көңіл толқыны»
10.00 AQPAPAT
07.30 Salem Qazaqstan
09.00 Т/п «Измайловский парк»
11.20 Х/с
15.20 Т/п «Битва поколений»
16.40 Х/с «Улики из прошлого. Сейф за картиной Коровина»
20.30 Х/с
00.30 Salem Qazaqstan
02.10 Т/п «Құтты қонақ»
02.40 Келесі кім?
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Жеңіп көр»
05.30 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МӘССАҒАН»
07.30 «АЛТЫН БАҚ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»
09.00 «КТКweb» (қайталау)
09.30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.00 «СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО»
10.50 «МАТЕРИНСКОЕ СЕРДЦЕ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)

15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.00 «ШЫМКЕНТ-ШОУ»
21.00 «ТРЕУГОЛЬНИК СУДЬБЫ», мелодрама (худ.сериал)
01.00 «СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО» (повтор)
01.40 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ» (қайталау)
02.30-
05.00 «ШЫМКЕНТ-ШОУ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. УЕФА Конференция Лигасының шолуы
07.45 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди девушек U-19. Финал
09.50 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
10.20 ФУТБОЛ. Программа «Тур по туру». Прямой эфир
11.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. ITF M/W25. Тікелей эфир
13.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. ITF M/W25. Тікелей эфир
15.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. ITF M/W25. Тікелей эфир
16.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Шахтер» – «Атырау». Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Астана» – «Оқжетпес». Тікелей эфир
21.00 ДЗЮДО. Masters. Тікелей эфир
23.00 «Karate Combat» турнирі
01.20 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
02.10 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.40 Анимация. Отандық / «Сақалар»
8.00 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
8.50 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.

9.05 «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
9.15 «Турбозаврлар» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 «Алтын сақа» танымдық бағдарлама.
10.15 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
10.20 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
10.45 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 Тұсаукесер! «Жұмбақ жәшік» ойын-сауықтық бағдарлама
12.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
12.35 «Qazaqstan дауысы. Балалар» мега жобасы. (қайталау)
14.10 «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
14.25 Анимация. Отандық / «Еркетай»
15.00 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
15.15 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
15.25 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.40 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
16.30 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
17.05 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.30 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.45 «Лесси» Мультхикая.
18.15 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
18.30 Анимация. Отандық / «Қызыл мен Күлгін»
18.45 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
19.00 Тұсаукесер! «Жұмбақ жәшік» ойын-сауықтық бағдарлама
19.10 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.55 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
20.00 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
20.10 Анимация. «Еркелер»
20.35 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
21.00 Анимация. «Сақалар»
21.20 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман 2» түрік телехикаясы
10.00 «Базар жоқ, Мексика!» Худ.фильм
12.15 «Алдараспан»
15.00 «Позднее раскаяние» телесериал
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Неделимое» Худ.фильм

TALIM TV TALIM TV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Латын
08.40 Менің анам, менің әкем
09.00 Ғибратты ғұмырлар
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 «Біздің жанұя» – мультфильм
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Жиырма бесінші сағат
13.24 Dental planet
13.30 Идея
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «La Gazette»
16.15 Ұлттық спорт – «Теңгеші»
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.20 Әжемнің әңгімесі
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
18.50 Сау болайық
19.00 Автопортрет
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Емен-жарқын
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 YouTube Times
22.20 Пруст сауалнамасы
23.00 Views



«МҰҚАҒАЛИ. БҰЛ ҒАСЫРДАН ЕМЕСПІН...». Телехикая.
«ҚАЗАҚСТАН» арнасы. Сағат 13.30-да.

ЖЕКСЕНБІ
6 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Концерт
8.00 Мультфильмы
9.40 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Концерт
15.00 Женский кино клуб
19.00 Үздік әзілдер
20.00 Шешімі бар
22.00 Мужское кино
0.00 Үздік әзілдер
1.00 Өмір иірімі
1.40 Дала сазы
2.05 Алматинские истории
2.30 Алматинские каникулы
2.40 Алматы кеші
3.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Күміс көмей»
6.55 «Ауылдастар»
7.30 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8.20 «Ақсауыт»
8.45 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
12.00 Дисней ұсынады. «Фердинанд». Мультфильм (АҚШ, Ұлыбритания, 2017 ж.)
13.30 «Мұқағали. Бұл ғасырдан емеспін...». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
15.15 «Әндер мен жылдар»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая.
20.00 «ДАРА». Ұлттық білім бөйгесі
21.10 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.25 «Күйеу бала-2». Телехикая. (с субтитрами)
2.50 «Ақсауыт»
3.10 «Күміс көмей»
3.55 «Мұра»
4.15 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Кел, шырқайық»
07.00 «Кім мықты?»
08.00 Концерт. «Дала рухы» Айбек Бекбосын
10.00 Мелодрама. «Принцесса Монако»
12.00 Мультфильм. «Синдбад. Пираты семи штормов»
13.15 Мультсериал. «Гав и мяу»
13.30 «Балақай»
14.15 «Әрекет»
14.45 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
16.30 Телехикая марафоны. «Шашу»
17.30 Телехикая марафоны. «Шымкент – менің махаббатым!»
20.00 Телехикая. «Мелек 2»
21.45 «Jur-jubuten»
23.15 Мегахит. «Ангел мой»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.10 КИНО. «Жаңа мести» (повтор)
09.00 «TeleBingo» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Теннис-шоу»

10.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.30 Анимационный фильм «Город героев» (повтор)
12.40 Анимационный фильм «Сезон охоты-3»
14.30 КИНО. Алисия Викандер в приключенческом боевике «Tomb Raider. Лара Крофт» (повтор)
17.10 КИНО. Логан Миллер в триллере «Клаустрофобы» (повтор)
19.20 КИНО. Крис Пайн, Бенедикт Камбербэтч в фантастическом боевике «Стартрек. Возмездие»
22.20 Д/ф «Эврика»
23.00 «Алдараспан»
01.00 Тамаша live
02.00 What's up?
03.00 Әзіл студия
03.30 1001 Әзіл
03.40 Ризамын
04.20 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.45 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.50 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.00 «ПОЕХАЛИ!»
10.00 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10.50 Константин Лавроненко, Полина Агуреева в многосерийном фильме «ПРОЩАЙ, ЛЮБИМАЯ»
15.10 «ДЕВОЧКИ МОИ». Многосерийный фильм
19.00 Анастасия Заворотнюк, Владислав Галкин в фильме «НЕИДЕАЛЬНАЯ ЖЕНЩИНА»
21.00 Людмила Загорская, Антон Батырев в многосерийном фильме «ТЫ ТОЛЬКО МОЙ»
1.05 Ночной кинотеатр. «ЕГЕРЬ»
3.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.45 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 4.30

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/п «Құтты қонақ»
07.30 Salem Qazaqstan
09.00 Т/п «Юморина»
11.50 Х/с
15.40 Х/с «Улики из прошлого. Забытое завещание»
19.30 Х/с
23.20 Salem Qazaqstan
01.00 Jaidarman
01.30 Т/п «Құтты қонақ»
02.30 Т/х «Япырай»
03.00 Келесі кім?
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»
07.40 «ШАНШАР»
09.30 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа
10.40 «ТРЕУГОЛЬНИК СУДЬБЫ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», ән-шашу
21.00 «ТРИ ЦВЕТА ЛЮБВИ», мелодрама (худ.сериал)

01.00 «СТАНЦИЯ СУДЬБЫ», казахстанское кино (худ.фильм)
02.20 «БЫЛО ДЕЛО»
03.05 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ» (қайталау)
03.45-
05.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

05.55 Өнұран
06.00 КӘСІПҚОЙ БОКС. Эрисланди Лара – Дэнни Гарсия. Тікелей эфир
11.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. ITF M/W25. Тікелей эфир
13.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. ITF M/W25. Тікелей эфир
15.00 «SUPER BOL!». 7 выпуск
15.55 ВОДНЫЕ ВИДЫ СПОРТА. Чемпионат Мира. Плавание
18.25 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Тобыл» – «Қайсар». Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Ақтөбе» – «Қайрат». Тікелей эфир
23.00 ФУТБОЛ. «Доп дода» бағдарламасы. Тікелей эфир
23.40 ВОДНЫЕ ВИДЫ СПОРТА. Обзор Чемпионат Мира
00.30 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.40 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
8.00 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
8.50 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
9.05 «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
9.15 «Норм және оның айнымас достары. Отбасы демалысы» толықметражды мультфильм

10.45 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 Тұсаукесер! «Жұмбақ жәшік» ойын-сауықтық бағдарлама
12.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
12.35 «Qazaqstan дауысы. Балалар» мега жобасы. (қайталау)
14.10 «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
14.25 Анимация. Отандық / «Еркетай»
15.00 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
15.15 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
15.25 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.40 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
16.30 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
17.05 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.30 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.45 «Лесси» Мультхикая.
18.15 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
18.30 Анимация. Отандық / «Қызыл мен Күлгін»
18.45 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
19.00 Тұсаукесер! «Жұмбақ жәшік» ойын-сауықтық бағдарлама
19.10 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.55 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
20.00 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
20.10 Анимация. Отандық / «Еркелер»
20.35 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
21.00 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
21.20 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Норм және оның айнымас достары. Отбасы демалысы» толықметражды мультфильм
23.45 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»

23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман» түрік телехикаясы
10.00 «Влюбленные сердца» Индийское кино
13.25 «Алдараспан»
16.50 «Достучаться до мужчин» Худ.фильм
19.00 «АШЫ ШЫНДЫҚ» тележоба
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Жұлдызбысың?» бағдарламасы
01.00 «Астана кеші көңілді»

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 «Баланы бала деменіз»
11.00 Қазақ спортының классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 ТамашаLike
13.24 Dental planet
13.30 Қазақы әңгіме
14.20 Өнер қырандары
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Шабдалы» – Көркем фильм
17.00 Сау болайық
17.10 Бір дубль
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Сырласайық
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.25 Айтыс Strike
22.20 Фибратты ғұмырлар
22.55 Views



«ШЫМКЕНТ – МЕНІҢ МАХАББАТЫМ!» телехикаясы.
«ХАБАР» арнасы. Сағат 17.30-да.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

АУЗЫНАН «АЙНАЛАЙЫНЫ» ТҮСПЕЙТІН АЗАМАТ

Осынау қазақ даласындай кеңдікті өз басым ұстаздардың бойынан кездестірsem, бір марқайып қаламын. Жалпы, «Бағалай білгенге бақ қонады» демекші, ұстаздық – ойласаң ой жетпейтін, сөйлесең сөз жетпейтін, теңіздей терең, асқар таудай заңғар ұлылық қой.

Сол ұлылықты өзіне серік еткен ұстаздың ұстазы туралы ой айтып, қалам тербеу мен үшін үлкен қуаныш. Міне, ұзақ жылдар әріптес болып, осынау ұстаздық қызметте бірге келе жатқан абзал азамат туралы бір тұшымды дүние жазсам деген ой көптен бері мазалап жүрген еді. Уақыт өте келе, енді сәті түсіп отырған жәйі бар. Өйткені, мен білетін Сәбит Райысұлының әрбір сөзінің өзі ұстаздар қауымына үлгі дер едім.

Сәбит (Совет) Райысұлы Дүйсебай 1943 жылы қазіргі Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Ынтымақ ауылында дүниеге келіп, отыз жылдан астам Жуалы ауданының мектептерінде ұстаздық етті. Еңбек жолында Республикалық, Бүкілодақтық педагогикалық оқулардың жеңімпазы, Республикалық педагогикалық сыйлықтың лауреаты, Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі, Білім және ғылым министрілігінің Қ.Айтқалиев атындағы атаулы ғылыми-әдістемелік орталығының мүшесі атанды. Оны 1996 жылы Қазақ Білім академиясы еліміздің мектептеріне арнап, жаңа буын оқулықтарын жазуға шақырды. Содан бері мектептерге арналған ҚР Білім стандарттарын, оқу бағдарламаларын дайындауда авторлық ұжымда еңбек етіп, қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек мектептеріне арналған отыздан астам қазақ тілі және қазақ әдебиеті оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын жазуға үлесін қосып келеді.

Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романының хрестоматиялық баяны» деп аталатын мектеп оқушылары үшін эпопеяның төрт томын бір томға сыйғызған кітабы (белгілі ғалым Г.Құрманбаевамен бірлесе жазған) Ы.Алтынсарин атындағы республикалық педагогикалық сыйлыққа ие болып, үш дүркін басылып шықты. Ұстаз қазақ өлеңінің құрылысын оқыту, Абай, Махамбет, М.Дулатов, Ж.Жабаев, Ш.Айтматов шығармаларын оқыту туралы да зерттеулер жазды. Жетісу дағы «Мамания» мектеп-интернатының 100 жылдық тарихын зерттеп, «Мамания» «Шүлен», «Ұлы арман», т.б. дастандар мен өлеңдері, ғылыми-әдістемелік мақалалары мен кітаптары көпшілік көңілінен шықты. Қазақ Білім академиясының тап-



сырысы бойынша профессор Т.Қ.Жүлехжановамен 11-сыныпқа арналған «Абайтану» курсының әдістемесін жазды. С.Дүйсебаевтың «Сөз-Көмек» атты қазақша-орысша және орысша-қазақша электрондық сөздігі («Глотур» компаниясының демеушілігімен), Республикалық ақпараттық орталықта 5–11-сыныптардағы қазақ әдебиеті пәні және орыс мектебіндегі қазақ тілі бойынша жазған электрондық оқулықтары әріптестерінің игілігіне айналды. Ұстаз аудармамен де айналысып, Ә.Жангелдиннің «Өнегелі ғұмыр» өмірбаяндық-тарихи повесін, Сұлхан Саба Орбелианидың «Тұспал сөз даналығы» кітабын, Мэгрэнің «Анастасия» повесін тәржімалады.

Сонымен қатар, Сәбит Дүйсебаев Бауыржан Момышұлы, жазушылар Төлеген Қажыбай, Болат Бекенов, ақындар Жәнісқұл Сейітқұлқызы, Кәмила Қосумованың шығармалары туралы монографиялық зерттеулер жариялады. Өлем халықтарының жазушылары одағы туралы екі томдық антологиясы, энциклопедиясының редакцияларын басқарып, оны жарыққа шығарды. Халқымыздың бір данасы:

Даналығың бар екен,
Халқыңа паналығың болсын!
Ілімің бар екен,
Халқыңа берер білімің болсын!
Іске жорғалығың бар екен,
Халқыңа жомарттығың болсын!
Бекзаттығың бар екен,
Халқыңа қымбаттығың болсын, –

деген екен.

Адамның оқып-тоқығаны ілім екен де, оны өзгеге үйреткені елді оқытқаны болады екен. Міне, осы даналықты біз Сәбит Райысұлының бойынан көріп, қанық болдық.

Кезінде өзім ұзақ жыл басшылық еткен мектептің тарихы, өсу жолы, педагогикалық бет-бейнесі туралы Сәбит Райысұлының авторлығымен «Алтын ұя мектебім», «Мектеп шұғыласы», «Алтын жұлдызды ұстаз» атты үш кітап жарық көрді.

Еліміздегі білім беру ісі жаңа жолға қойылып жатқан кезде Қазақ білім академиясымен іргелес орналасқан Ы.Алтынсарин атындағы №159 мектеп республикамыздағы 70 ғылыми-әдістемелік сынақ өткізетін тірек мектептерінің бірі болып бекітілген болатын. Жаңа білім мазмұны бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды сынақ пен тәжірибеден өткізу үшін мектебімізге Білім академиясынан ғалым-әдіскерлер келіп, 36 мұғалімді осы шығармашылық жұмысқа тартты. Осы кезде Сәбит ағамызбен таныстығымыз басталды. Әдіскер мен мұғалім ынтымақтастығында оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға бірлескен авторлық жұмыс қызу жүріп жатты, тіптен біраз әдіскерлер мектебіміздің педагогикалық ұжымымен етене араласып, бір ұжым болып кеткен еді. Осылайша 1998 жылы басталған осынау игі үдерістің қазіргі ортасында Сәбит Райысұлы өзінің терең білімімен, шебер әдіскерлігімен, қарым-қатынас мәдениеттілігімен, ұстаздық әдептілік үлгісімен, көркем мінезімен, ең бастысы, мұғалімдерімізге шығармашылық жұмыста қалаулы, риясыз көмегімен беделге ие болды. Көп ұзамай гимназиядағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі атанып, мәдени-ағарту шараларында да көмегін аяған жоқ.

Бүгінде Сәбит Дүйсебай қаламыздағы Наурызбай ауданы Ардагерлер кеңесінің мәдени-ағарту шараларына жетекшілік етеді. Жары Айдаркүл Шәмшидинқызымен үш ұл, екі қыз тәрбиелеп, жиырмадан астам немере-шөберелердің ата-әжесі атанып отыр.

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері,
Жамбыл облысының, Жуалы ауданының,
Алматы қаласының Құрметті азаматы.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

ЛАГЕРЬ ЖАЗЫ КӨҢІЛДІ

«Өрнек» лагері биылғы жазда
750 баланы демалыспен
қамтып отыр

Қаламыздағы Оқушылар сарайына қарасты «Өрнек» лагері бірден-бір мемлекеттік мекеме. Аталмыш лагерьдің басты ерекшелігі – тек жаз маусымында ғана емес, жыл бойы жұмыс істейтіндігі. Мәселен, Алматыдағы түрлі жиындар, семинарлар жылдың қай мезгілінде болсын осында өткізіледі. Биылғы жазда лагерь 750 баланы демалыспен қамтып отыр.

Балалардың жазғы демалысын тиімді әрі мәнді етіп өткізу үшін лагерь басшылығы түрлі секциялар, клубтар, үйірмелер, еңбек топтары, экскурсияларды ұйымдастырып жүр. Алматы мектептерінің 60 мыңнан астам баласы дәл қазір аталмыш лагерьдегі үйірмелерге қатысып, жарқын жаздың ең бір қызықты кезеңдерін өткізіп жатыр.

Жазғы демалыс басталысымен «Мейірім-

мен әлем гүлденеді», «Қош келдің, шуақты жаз!», «Біз өмірдің гүліміз» және т.б. тақырыптар әдістемелік кеңес отырысында талқылаудан өткен еді. Жалпы, лагерьдің талабына сай, өткізілетін кез келген іс-шараның сценарийі музыка жетекшісімен бірге, балалардың жасына сәйкес жасалатыны белгілі. Сондықтан оны талқылау топпен жұмыс істейтін педагогтармен бірлесіп жүзеге асырылады. Әрине, алдымен олар сценариймен танысады, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісіп алады. Ең бастысы, балалардың қауіпсіздігін сақтау ерекше бақылауда болуы керек. Сонымен қатар, атрибуттарды, костюмдерді, дизайнды ойластыруға балаларды тарту өте маңызды. Әрбір іс-шараның бағдарламасында топтық және жеке орындау, сахналау, би, ойындар, сайыстар, байқаулар, спорттық жарыстар міндетті түрде жалғасады.

– Кейбір баланың таланты ортаға қарай ашылады. Мәселен, бала өзі қатысқан іс-шараға ғана көңілі толады. Өйткені, ол ойнайды, ән айтады, билейді, өлең оқиды. Сондықтан балаларға сайыс, байқау, ойын, эстафета арқылы өздерін көрсетуге мүмкіндік беру керек, – дейді лагерь басшысы Сухраб Теміров.

Жаз бойы Оқушылар сарайы мен қаламыздағы 7 бірдей Оқушылар үйінде 14 мыңнан астам бала спорт секцияларымен, техникалық және көркемөнер үйірмелерімен, сондай-ақ дойбы, шахмат, үстел теннисі, бокс, күрес, гимнастика, домбырада ойнауды үйрену, би, футбол және басқа да ойындармен қамтылады.

СЕМИНАР

«МОБИЛЬДІ КІТАПХАНА»

кітапқа деген қызығушылықты арттырады



Алматыда «Мобильді кітапхана» – отбасымен ынтымақтастық арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамыту құралы» атты республикалық семинар болып өтті. Аталмыш семинарды қалалық Білім басқармасы мен Түркісіб ауданы №187 бөбекжай-балабақша ұжымы ұйымдастырды.

Еліміздің барлық өңірлерінен жиналған семинар қонақтары алдымен балабақша ішін аралап, ұлттық құндылықты дәріптеп отырған мектепке дейінгі мекеменің атқарып отырған жұмыстарымен танысты. Соңғы үлгіде салынған №187 балабақша мекемесі тек ішкі-сыртқы көркемдігімен ғана емес, атқарып отырған жұмыстарымен де ерекше. Өйткені, балабақшаның ұлттық құндылығымызды түгендеп, жас ұрпақ санасына сіңіруде атқарып келе жатқан жұмыстары әдістемелік құрал ретінде жарық көріп, еліміздегі мектепке дейінгі мекемелер ортақ іс-тәжірибе ретінде пайдаланып жүр. Сондықтан семинарға қатысушылар бұл мекеменің атқарып отырған әрбір жұмысын жіті зерттеп, барынша байыппен қабылдауға тырысты.

Аталмыш мекеме елімізде алғаш болып «Асық терапиясын» қолға алған еді. Табиғи таза өнімнің бала денсаулығына тигізетін пайдасын толық зерттеп, оны іс жүзінде дәлелдеп те үлгерді. Өздерінің жаңашыл бастама-

ларын заңды тұрғыда рәсімдеп, бүгінде оны басқа да мектепке дейінгі мекемелер әдістемелік құрал ретінде кеңінен пайдаланып жатыр.

Осыдан біраз уақыт бұрын елімізде өткен ЭКС-ПО-да асықтың пайдасы туралы айтқан балабақша меңгерушісі Фарида Қызырханқызының нақты дәлелдері мен дәйектері шетелдік қонақтардың да назарын аударып, қызығушылықтарын оятқан еді. Осылайша шетелдік әріптестердің назары да қазақтың асығына ауды.

Дәл қазіргі уақытта балабақша ұжымы «Жұн терапиясын» қолға алып, оның балалардың саусақ моторикасына тигізетін пайдасын дәлелдеп берді.

Бұл тұрғыда атқарылған жұмыстарға да семинарға қатысушылар аса қызығушылық танытты. Үнемі ізденіп, жаңалыққа жақын жүретін балабақша ұжымы қажетсіз деген коқыс қалдығының өзінен жаңа дүниені ойлап тауып жатады. Міне, жаңашыл басшы Фарида Қызырханқызы өзі басшылық етіп отырған ұжымды осылайша сергектікке бастап отыр. Соңғы кезде қоғамда «балалар кітап оқымайды» деген түсінік қалыптасқаны белгілі. Мұның түпкі себебі мен салдарына баса назар аударған балабақша ұжымы енді балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту үшін жұмыла кірісіп, «Мобильді кітапхана» жобасын қолға алған еді. Жаңашыл бастама көптің көңілінен шығып, қазір еліміздегі басқа да мектепке дейінгі мекемелер бұл жобаға қызығушылық танытып отыр. Әсіресе, Семей, Батыс Қазақстан, Ақтау, Ақтөбе, Қызылорда, Қызылжар, Павлодар, Түркістан өңірлерінен келген қонақтар семинардан көп ой түйіп, тәжірибе жинағандарын айтты.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.





ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті тұтынушылар! «Алматы жылу жүйесі» ЖШС 2023 жылғы 1 тамыздан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің бұйрығымен жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке мынадай тарифтер бекітілгені туралы хабарлайды.

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мөлшері - ҚҚС-мен 2 796,16 теңге/Гкал;
- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап - ҚҚС-мен 4 265,93 теңге/Гкал;
- 2023 жылғы 1 тамыздан бастап - ҚҚС-мен 4 333,43 теңге/Гкал;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - ҚҚС-мен 4 421,01 теңге/Гкал;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - ҚҚС-мен 4 479,43 теңге/Гкал;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - ҚҚС-мен 4 652,58 теңге/Гкал.

«Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты жылу энергиясымен жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтері

(ҚҚС-мен)

№	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	2023 ж.01.01.	2023 ж.07.01.	2023 ж.08.01.	2024ж. 01.01.	2025 ж.01.01.	2026 ж.01.01.
1	Халық тобына кіретін, жеке тұлғалар тарифі – тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	5 839,23	7 007,08	7 007,08	8 058,14	8 622,22	9 053,33
1.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	7 007,08	8 618,71	8 618,71	9 911,52	10 605,32	11 135,59
1.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	5 137,23	6 164,67	6 164,67	7 089,36	7 585,63	7 964,90
1.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	5 839,23	6 423,16	6 423,16	7 386,64	7 903,69	8 298,89
2	Өзге де тұлғаларға арналған тариф	Теңге/Гкал	9 900,34	12 870,44	12 870,44	14 157,48	15 148,50	15 905,93
2.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	12 870,44	16 731,57	16 731,57	18 404,72	19 693,06	20 677,71
2.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	7 202,63	9 363,41	9 363,41	10 299,76	11 020,74	11 571,77
2.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	6 715,12	8 729,66	8 729,66	9 602,62	10 274,80	10 788,55
3	Бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Гкал	25 698,42	34 971,84	38 388,66	33 332,45	30 028,51	28 779,76
3.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Гкал	25 410,63	34 580,19	37 958,74	32 959,17	29 692,22	28 054,25
3.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Гкал	38 547,64	52 457,75	57 582,99	49 998,68	45 042,76	43 169,63

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұтынушылары үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту үшін төлем мөлшері

(ҚҚС-мен)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	2023 ж.01.01.	2023 ж.07.01.	2024ж. 01.01.	2025 ж.01.01.	2026 ж.01.01.
1	2	3	4	5	6	7	8
I	Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем						
1	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 574,29	1 883,11	2 131,07	2 268,88	2 369,71
1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:						
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	749,66	896,73	1 014,80	1 080,42	1 128,43
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	899,60	1 076,06	1 217,75	1 296,50	1 354,12
в)	барлық тұрғын ұшықтардағы ванналармен	Теңге/адам	1 799,19	2 152,14	2 435,51	2 593,01	2 708,24
2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	457,89	546,54	617,70	657,38	686,30
II	Жылыту аралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем						
3.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 305,74	1 552,80	1 751,21	1 862,44	1 942,94
3.1.	Пәтер типтес жатақханалар:						
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	621,78	739,44	833,91	886,87	925,21
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	746,14	887,32	1 000,69	1 064,25	1 110,24
в)	барлық тұрғын ұшықтардағы ванналармен	Теңге/адам	1 492,28	1 774,64	2 001,38	2 128,49	2 220,50
4.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	422,86	503,44	568,14	604,36	630,63
5.	Жылыту үшін төлем						
5.1.	Қазан	айына теңге/м²	36,23	44,55	51,24	54,82	57,57
5.2.	Қараша	айына теңге/м²	167,26	205,73	236,59	253,15	265,81
5.3.	Желтоқсан	айына теңге/м²	227,45	279,76	321,73	344,25	361,46
5.4.	Қаңтар	айына теңге/м²	251,34	309,15	355,52	380,41	399,44
5.5.	Ақпан	айына теңге/м²	211,76	260,46	299,52	320,49	336,52
5.6.	Наурыз	айына теңге/м²	169,85	208,91	240,25	257,07	269,93
5.7.	Сәуір	айына теңге/м²	8,20	10,08	11,59	12,41	13,03

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, ескі, апаттық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту төлемінің мөлшері

(ҚҚС-мен)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	2023 ж.01.01.	2023 ж.07.01.	2024ж. 01.01.	2025 ж.01.01.	2026 ж.01.01.
1	2	3	4	5	6	7	8
I	Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем						
1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 350,50	1 462,40	1 647,24	1 751,19	1 826,13
1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:						
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	643,09	696,38	784,40	833,90	869,58
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	771,71	835,65	941,28	1 000,68	1 043,50
в)	барлық тұрғын ұшықтардағы ванналармен	Теңге/адам	1 543,43	1 671,31	1 882,55	2 001,35	2 087,00
2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	393,66	425,78	478,83	508,79	530,29
II	Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем						
3.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/ адам	1 126,71	1 216,23	1 364,15	1 448,27	1 508,07
3.1.	Пәтер типтес жатақханалар:						
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	536,52	579,15	649,59	689,65	718,13
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	643,83	694,98	779,51	827,58	861,75
в)	барлық тұрғын ұшықтардағы ванналармен	Теңге/адам	1 287,68	1 389,98	1 559,02	1 655,17	1 723,51
4.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м3	364,47	393,66	441,91	469,28	488,79
5.	Жылыту үшін төлем						
5.1.	Қазан	айына теңге/м²	30,18	33,21	38,19	40,86	42,91
5.2.	Қараша	айына теңге/м²	139,38	153,32	176,32	188,66	198,09
5.3.	Желтоқсан	айына теңге/м²	189,54	208,50	239,77	256,56	269,38
5.4.	Қаңтар	айына теңге/м²	209,45	230,40	264,96	283,51	297,68
5.5.	Ақпан	айына теңге/м²	176,47	194,11	223,23	238,85	250,79
5.6.	Наурыз	айына теңге/м²	141,55	155,70	179,05	191,59	201,16
5.7.	Сәуір	айына теңге/м²	6,83	7,52	8,65	9,25	9,71



ШЕШІМ

Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2023 жылғы 19 шілдедегі №1 шешімі

Алматы қаласы Әділет департаментімен
2023 жылғы 21 шілдеде №1730 болып тіркелді

**Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің
2018 жылғы 27 наурыздағы «Алматы қаласы
Наурызбай ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін
бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы»
№2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласы Наурызбай ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

- Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2018 жылғы 27 наурыздағы «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы» №2 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1463 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
- Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
- Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н.ТОҒЫЗБАЕВА

Құрметті арызданушы!

Заңнамалық актілермен Алматы көлік прокуратурасына жолданымдарды берудің келесі жолдары қарастырылған:

- қолма-қол;
 - пошта байланысы;
 - Электрондық Үкімет порталы (электрондық цифрлық қолтаңба қойылған кезде);
 - «e-otinish» ақпараттық жүйесі тәсілдері арқылы.
- Жолданымды қарау нәтижелері бойынша жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Алматы көлік прокуроры, оның орынбасары жеке қабылдауды күн сайын сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, сағат 14.30-дан 18.30-ға дейін, «egov.kz» порталынан электрондық өтініштер негізінде алдын ала жазылу бойынша, сондай-ақ қағаз форматтағы жолданымдар арқылы жүзеге асырады.

Жеке қабылдау туралы жолданымда міндетті түрде сұрақтың мәні көрсетілуі қажет.

Азаматтарды қабылдау күндері мен уақыты туралы ақпарат прокуратураның ресми сайтында, прокуратура ғимаратындағы арнайы стендте орналастырылған.

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау бойынша сұрақтары бойынша жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін 8 (727) 229-11-90, 229-11-94 телефондары бойынша хабарласуға болады.

Алматы көлік прокуратурасы.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

БАЙҚАУ

**КСРО ХАЛЫҚ ӘРТІСІ ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВҚА
ОРНАТЫЛАТЫН МҮСІННІҢ ЕҢ ҰЗДІК ЖОБАСЫНА
АШЫҚ БАЙҚАУДЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ**

1. Байқаудың мақсаты

Көрнекті қазақстандық сәулетші, КСРО Халық әртісі Ермек Серкебаевтың мүсінінің монументалды-көркемдік тұрғысынан ең жақсысын анықтау мақсатында – Қазақстан Республикасында өнер құрылыстарын орнату жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына ұсынып, шешім шығару.

2. Байқау бағдарламасы

Көрнекті сәулетшіге арналған мүсіннің көркемдік бейнесі оның шеберлігінің ұлылығын, ғажайып күш-қуатын, дарынды тұлғаның жан-жақтылығы мен парасаттылығын, оның ерекше адами қасиеттерін көрсетуі керек.

Объектіні жобалау кезінде мүсіннің көркемдік бейнесіне қайшы келмейтін мықты, эстетикалық материалдар қолданылуы керек.

Орнатылатын орны – Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 83.

Мүсін қолданыстағы сәулет және қала құрылысына үйлесімді түрде сәйкес келуі керек.

3. Байқау шарттары

Байқауға барлық ниет білдірушілер, сондай-ақ авторлық ұжымдар қатыса алады. Байқауды өткізу мерзімі 2023 жылғы 21 шілдеден бастап 2023 жылғы 21 тамыз аралығында. 2023 жылдың 21 тамызынан кешіктірмей жіберілген жұмыстар 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 74 А, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, №305 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Басқа қалалардың авторлары пошта түбіртегінің нөмірін алдын ала хабарлай отырып, жобаларды белгіленген мерзімнен кешіктірмей, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының мекенжайына жібереді. Байқауға жобалар алты таңбалы санмен көрсетілген ұрандармен ұсынылады. Ұран конкурсқа ұсынылған жобаның барлық материалдарының жоғарғы оң жақ бұрышында, сондай-ақ ұрандық конвертте (биіктігі 1 см) жазылады. Ұранмен жабылған конвертте жоба авторының тегі, аты және мекенжайы көрсетілген ақпараттық парақ болуы керек.

2 беттен аспайтын қысқаша түсіндірме жазба 2 данада ұсынылады. «Times New Roman» қарпі, өлшемі №14, бір жоларалық интервалмен. Жазбада мүсіннің негізгі идеясы, көркемдік шешімі және кеңістікті ұйымдастыру принциптері көрсетілуі керек.

Байқау қорытындысы бойынша шешімді Алматы қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы қабылдайды.

Байқау шарттарын бұза отырып ұсынылған жобалар конкурсқа жіберілмейді және Комиссияда қаралмайды.

4. Байқаудың жобалық ұсыныстары мен ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптардың құрамы:

- Масштабы 1:10 жоба эскизі (мүсін композициясы);
 - Масштабы 1:200 бас жобасы (сызба жобасы);
 - Мүсіннің (мүсіндік композицияның) 2 қасбеті және 1:20 масштабты 1 перспектива;
 - Түсіндірме жазба.
- Жобалар өлшемі 60x80 см планшетпен ұсынылады. Графикалық орындау әдісі – макеттің түсі, техникасы және материалы – автордың қалауы бойынша.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8 (727) 272-03-17 телефоны бойынша алуға болады.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтаматына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

СҮМБІЛЕ АЙЫ

Біздің бабалар Тамыз айын Сүмбіле деп те атаған

Әзербайжан, түркімен және түріктер тамызды таммуз деп атаған. Қазекен сарша, тамыз, сарша-тамыз, кейде сүмбіле деген. Міне, осы аптаның аяғында сол сүмбіле айы басталады.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Шортанбай жырау өзінің табиғат пен өмірді салыстырған жырында:
«Сүмбіле туып, күз болмай,
Көкорай шалғын оңар ма?
Кәрілік келсе қайтадан,
Жасарып адам толар ма?» –
деген жолдар бар. Сүмбіле туса, жаз аяқталып, мал семіреді. Сүмбіледе сорпа майлы, мал қонды. Қазақ халқы Сүмбіле жұлдызы туа бастағаннан қысқа қамданып, отын-суын дайындауға кіріседі.

Сүмбіле – бұл жұлдыз. Халық танымында жарқырап, көкжиекке ең жақын тұратын жасылдау жұлдыз Сүмбіле деп аталады. Жоғарыда сөз еткеніміздей, алдымен Сүмбіле айы табиғат сахнасына шығады. Содан кейін барып араға уақыт салып Сүмбіле жұлдызы туады. Бұл қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан сөз. Қазақ арасында бұл жұлдызды суық жұлдыз деп те атайды. Оның туғаны – қоңыр күздің белгісі.

Сүмбіле екеу: Лақсүмбіле (Кішісүмбіле) және Текесүмбіле (Үлкенсүмбіле). Айтушылардың түсіндіруінше, екеуінің туу арасы 10–15 күн. Алдымен Лақсүмбіле туады. Өзі – жылтылдаған, кішірек ақ жұлдыз. Ал Текесүмбіле үлкен. Ол кейінірек туады. Жұлдыздардың бұлай аталуының себебі мынада: жазғытұры туылған лақ, күз айында қашады, буазданады, жыл аяғында екеу болады. Малдың ерекшелігінде болатын осы белгілерді негізге ала отырып, күз айында туатын кіші жұлдыздың атын Лақсүмбіле деп қоюды ұйғарған малшы қауым Түнде лақ бақырып шықты, Лақсүмбіле туды деп айтады. Лақсүмбіле жұлдызының тууына қарсы малшылар қозы-лаққа күйек байлай бастайды. Сүмбіленің тууы мен жерге түсуі ерекше белгі деп саналады.

Мысалы, түйе бағатын малшылар Сүмбіле тумай, тау етегіне түспейді. Себебі, түйе жылы су ішсе қараөкпе ауруына шалдығады, ал Сүмбіле туса, су салқындайды, ол кезде мал өкпе ауруына ұрынбайды. Сүмбіле туған кезде тау етегі салқын тарта бастайды. Осы табиғаттың құбылысын жұлдыз арқылы бақылап отыратын халық өз қамына қарай көш бастайтын болған. Оны мынадай халық қағидаларынан аңғаруға болады: Сүмбіле туса су суиды, кей өңірлерде бидайды үсік шалады.

Бұған қоса, Сүмбіле туғанда болатын ерекшеліктердің бірі – малдың семіруі. Жаз бойы жайылымда көк шөпке қарық болған төрт түлік, күн салқындай бастағанда түлеп, бойына қуат ала бастайды. Әсіресе, жылқы малы ерекше қуаттанып, семіретін мезгілі – осы Сүмбіле туар шақ. Осыған орай халық арасындағы «Сүмбіле туар жылтып, ат семірер күнтіып» деген мақал-қағида қалыптасқан.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылыстарына қарап
жасалған жорамал:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, қыс барынша аязды болады.
- * Аңызак ыстық – қыстағы қатты аязды білдіреді.
- * Бұлт желге қарсы көпсе, жанбыр жауады.
- * Ауа ыстық болса – келер желтоқсан суық болады.
- * Қымыздық бітік шықса – қыс жұмсақ болады.
- * Арша гүлдегенде шілде аяқталып, тамыз туады.

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ

ҰТЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫ
БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

«Шаһарымыздың шырағы» атанған «Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттерінде үрдіске айналған жақсы дәстүр қалыптасқан. Мәселен, қос басылым ұзақ жылдан бері газет пен оқырман арасындағы байланысты үзбеу мақсатында ұтыс ойындарын тұрақты өткізіп келеді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осылайша оқырмандар да қос газет жариялаған ұтыс ойынына белсене қатысып, өздерінің басылымға деген адалдықтарын танытып отырады. Ұтыс ойыны осымен екінші мәрте өткізіліп отырса да, газетке жазылғанын растайтын түбіртектерді әкелген оқырман қарасы тағы да қалың болды.

Газет жеңімпаздарын «Almaty aqshamy» газеті Бас редакторының орынбасары Әнуарбек Әуелбек пен «Вечерний Almaty» газетінің Бас редакторы Евгений Рақымжанов құттықтап, алдағы баспасөзге жазылу

науқанында да белсенді болуға шақырды.

Сонымен, қаламыздың байырғы тұрғындары, «Ақшамның» тұрақты оқырмандары Нұржан Жорабаев қысқа толқынды пеш, Гүлбаршын Әуелбекова шәйнек, Тілепберген Ғұмаров блендер ұтып, жеңімпаз атанды.

– Жыл сайын газетке жазылып, бір бетін де қалдырмай оқып шығамын. Қазір менің жасым 85-те, сәтін салса, 100-ге келгеніме оқысам деймін, – дейді Нұржан Жорабаев.

